



Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады



www.7-su.kz

YouTube



Jetisugazeti



Jetisu2002@mail.ru

▲ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Көктемгі егіс жұмыстарына дайындық мәселесі облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың аудан, қала әкімдерімен, ірі шаруашылық жетекшілерімен өткізген селекторлық кенесте талқыланды.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Коюмчан Омаров шаруашылықтардың тұқыммен, минералды тыңайтқыштармен, қаржылай қолдаумен қамтылуын баяндады. Сол сияқты суару жүйесінің, ауылшаруашылығы техникаларының кәсіргі жағдайына да тоқталды.

Жалпы биыл ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары 973,6 мың гектардан астам болмақ. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,4 мың гектарға ұлғаяды деген сөз. Минералды тыңайтқыштарға биыл жергілікті бюджеттен 2 млрд. теңгеден астам субсидия бөлінген, 43,7 мың тонна тыңайтқыш қолдану жоспарда. Дегенмен, тыңайтқыш бағасының екі есеге өсіп кеткені шаруашылықтарға қиындық туғызуда. Жауын-шашынның, қардың аздығы биыл да дикандарға ауыртпашылық салмақ. «Қазгидрометтің» болжамында облыста ылғал жинақтау кезеңінде жауын-шашын орта есеппен 16-38%-ға азайған, ал облыс тауларында қар қоры орташа алғанда 24-47%-ға аз. Облыстағы суару желілері мен гидротехникалық құрылыстардың тозуынан каналдардағы су шығыны да артып келеді. Бұл мәселені шешу үшін облыстың 16 ауданындағы 113,8 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру үшін суару желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсатта жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге жергілікті бюджеттен 3,4 млрд. теңге бөлінді. Кәсіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары Ақсу, Ескелді, Қарасай аудандарында және



ДАЛА ЖҰМЫСЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Талдықорған қаласында, қосымша Ислам даму банкінің қаражатымен 2 ауданда жүргізілуде.

Ирригациялық желілерді қалпына келтіру мен проблемаларына «Қазсушар» РМК Алматы филиалы директоры Саят Құдайбергенов тоқталды.

Облыс әкімі Қанат Бозымбаев су қорын үнемдеп тиімді пайдалану үшін аграрлық шаруашылықтар ылғал сақтау технологиясына көшуі тиіс екенін айтты. Жалпы облыста 20,7 мың гектардан астам жерге тамшылатып және жаңбырлатып суару қондырғылары орнатылған, яғни, өңірде ресурстық технология қолдану деңгейі 4,7% ғана.

Жиында облыстағы ауыл шаруашылығы техникаларының жағдайы да сөз болды. Кәсіргі кезде көктемгі дала жұмыстарына тартылатын 32,9 мың бірлік ауылшаруашылығы техникасы мен тіркеме агрегаттарының дайындығы — 94,1%.

— Облыста техникаларды жаңартуға бағытталған арнайы бағдарлама әзірлейміз. Бұл бізге аудан, қалалардағы МТС-тардың ахуалын айқын көрсетіп береді. Осы сараптау қорытындысына сәйкес аграрлық шаруашылықтардың мүмкіндіктеріне қарай техника сатып алудың несиесі, қарыз, лизинг сияқты қаржыландыру көздерін нақтылайтын боламыз. Сол сияқты облыстағы су шаруашылықтарымен айналысатын арнайы мекеме құрылады, олар өз міндетіне сай тиісті жұмыстарды атқаратын болады, — деді Қ. Бозымбаев.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылай қолдаудың маңызы зор. Жиында сөз алған «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ директоры П. Княжевтің айтуынша, қаржы ұйымына 264 млн. теңгеге 29 өтініш келіп түскен, соның 165 млн. теңге болатын 19-ы мақұлданды. Тағы 9 өтініш қарастырылу үстінде.

Ақсу, Сарқан, Балқаш, Көксу, Панфилов аудандары мен Қапшағай қаласының әкімдері мен ірі шаруашылық жетекшілерінің пікірлерін тыңдаған облыс әкімі селекторлық кеңес қорытындысында егін егу науқанын онтайлы агромерзімде уақытылы өткізуге бірқатар тапсырмалар берді.

— Көктемгі дала жұмыстарына дайындық — барлық аудан, қала әкімдерінің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі. Бүгінгі ай-

тылған суару жүйелерін қайта жаңғырту, су қоймаларын салу, су тарифін, минералды тыңайтқыштар мен жанар-жағармай бағасын реттеу, ауылшаруашылығы техникаларын жаңарту сияқты көптеген мәселелерді бір күнде шешу мүмкін емес. Бірақ нақты жоспар жасап, кезең-кезеңімен қаржыландыру отырып шешуге болады. Осы орайда егіс алқаптарында суды үнемдеу және ылғал сақтау технологияларын енгізу жұмыстарына ерекше мән беру керек. Кепілдендірілген дизель отынын жеткізудің бекітілген кестесіне сәйкес жанар-жағармайды уақытылы жеткізуді және машина-трактор паркін жаңарту мәселелерін бақылауға алуды тапсырамын. Көктемгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін несиесі беру жандандырылып, қаражаттың игерілуі қамтамасыз етілсін. Суармалы суды уақытылы беру үшін суару арналары мен су шаруашылығы құрылыстарын дайындау жөнінде шаралар қабылданын. Бұл жұмыстар жоғары өнім алуға ықпал етеді деп санаймын, — деді Қ. Бозымбаев.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

▲ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЙТЫЛАДЫ

Бейсенбі күні Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Кэролайн Сэвиджбен онлайн форматта кездесу өткізді. Кездесу барысында өңірдегі тұрақтылық, екіжақты әріптестікті нығайту, өңірге инвестиция тарту мәселелері талқыланды.

Облыс басшысы қаңтар оқиғаларынан кейін аймақтағы жағдайды оңалтуда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтті. Тұрғындардың Мемлекет басшысының бейбіт өмірді орнықтыру, экономикалық реформаларды жүзеге асыру бастамаларына қолдау білдіріп отырғанын атап өтті.

Бас консул Кэролайн Сэвидж қаңтар оқиғасында қаза тапқандардың жақындарына көңіл білдірді. Кездесуге уақыт бөлгені үшін Қанат Бозымбаевқа ризашылығын жеткізді. Алматы облысында қандай салада іскерлік байланысты дамытып, қолдау білдіре алатындарын сұрады.

Өңірдің инвестициялық әлеуетін қысқаша баяндап өткен облыс әкімі «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының әлеуетіне, Қытаймен шеғарадағы экспорттық және импорттық операциялар ашықтығының маңыздылығына тоқталды.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық әлеуметтік-экономикалық реформалары транс- паренттік, ашықтық, әділдік негізінде іске асырылады. Шағын және орта бизнесті жан-жақты дамыту, сол арқылы жұмыссыздықты азайту, халықтың табысын арттыру да — Мемлекет басшысының басты тапсырмаларының бірі. Бұл істе

сідердің қолдауларыңыз дер кезіндегі көрсетілген маңызды шара деп есептеймін. Туризм саласына, соның ішінде тау кластеріне, Алакөл, Балқаш көлдеріндегі жағалау туризміне, ұлттық парктер базасындағы экологиялық туризмге қаржы салудың болашағы зор. Бұл ретте тау кластерін дамыту жөнінде арнайы бағдарламалар бар. Біз америкалық инвесторларды осы сегментте көргіміз келеді. Кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайларды өз көзіңізбен көріп, танысу үшін сізді «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағына шақырамын, — деді Қанат Бозымбаев.

Бас консул өзара әріптестікті алдағы уақытта одан әрі нығайтуға ниетті екенін білдірді.

Сол сияқты жұма күні облыс әкімі Қанат Бозымбаев Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дидье Канеспен және Алматыдағы Бас консул Алексис Шахтактинскиймен кездесті. Өңір-гімелесу барысында Францияның тау-шаңғы курорттарын дамыту тәжірибелерінің мол екені ескеріле отырып туризмді өркендету, салаға кадр даярлау, дуальды оқыту бағытында екіжақты байланыстарды нығайтуға назар аударылды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дидье Канесс пен Францияның Алматыдағы Бас консулы Алексис Шахтактинский аймағымыздағы БАҚ өкілдерімен кездесті.

Журналистер үйінде өткен басқосуда елімізде болған соңғы жаңалықтар, соның ішінде қаңтар оқиғасы жайында әңгіме өрбіді. Сонымен қатар, қиын-қыстау кезеңде мемлекеттің тұрақтылығын, іргесін сөкпей сақтап қалған Мемлекет басшысының бастамасымен атқарылып жатқан онтайлы шаралар әңгіме өзегіне айналды.

Осыдан кейін тұмса табиғатымен тамсандыратын, самал желімен баурап алатын, саф алтындай ауасы бар, алыс-жақын шетелдерден қонағы үзілмейтін жер жанығаты Жетісудың шұрайлы жерлері жайлы пікір алмасылды.

Жиын соңында қонақтарға ғасыр жасаған облыстық «Zetisý» және «Оғни Алатау» газеттерінің 100 жылдық мерейтойына орай шығарылған кітаптар сыйға тарылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

▲ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

ҚАҢТАР ДАУЫЛЫНАН КЕЙІН

Қаңтардағы бүліншіліктің өткеніне де бір айдың жүзі болды. Жұрттың бәріне аян, алдымен 3 қаңтарда Жанаөзен қаласында сұйытылған газдың шырқап кеткен бағасын 50 теңгеге түсіру жөнінде митинг болды. Халық айтқан талабынан қайтпай тұрып алған соң Үкімет амалсыз келісімге келді.

Бұл дегеніңіз сол кездегі Үкіметтің халықтың әлеуметтік жағдайынан мүлдем бейхабар екендігін дәлелдеп берді. Яғни Үкімет қарапайым халықтан әбден қол үзіп, ат төбеліндей (162 адам) олигархтардың мүддесіне қызмет етіп кеткен. Олай дейтініміз, қазақтың мұнайы мен газы әлдебір (әріне, біз олардың кім екенін іштей сеземіз) байшықештердің қолында.

Жанаөзендегі бейбіт шеруге шығушыларды қолдаймыз деп 4 қаңтар күні Қазақстанның 11 аймағы көшеге шықты. Әсіресе, Алматыда орталық алаңға жиналған қисапсыз көп халық биліктің зәресін кетірді. Біз бірнеше адам халықтың алдына шығып сөз сөйлеп, оларды тыныштандыру мақсатымен түнгі сағат 23.00-де алаңға келдік. Алайда сол кез көз ашығатын газ атыла бастады да алаңдағы дені жастар шерушілер бытырай қашып, Желтоқсан көшесінің бойына жөңкіле кетіп бара жатты.

Ал 5 қаңтардың таңында Алматыда бүлікшілік басталды. Кімнің бейбіт шеруші, кімнің ұры-қары, бұзық, тонаушы, террорист екенін айырып білу мүмкін болмай қалды. Бүлікшілер қала әкімдігінің ғимаратына, Президент резиденциясына кіріп, өрт қойды. Қаладағы тәртіпсіздікті тоқтату үшін қосымша әскери күш керек болды. Өйткені, сол күні түс қайтқанға дейін құқық қорғаушылардың қолдарында қалқаннан басқа қару болған жоқ. Әсіресе әскери оқу орындарының ауыздарынан әлі уыз кеппеген жап-жас курсанттары әбден еліріп алған бүлікшілердің құрбанына айналды, оларды тыржалаңаш шешіндіріп, мазақ қылды, өлтірді, бастарын кесіп алды.

Түс қайта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сағат 16.00-дің шамасында халыққа Үндеу тастап, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы лауазымын өзі алып, мына келеңсіздік пен тәртіпсіздікті, қанаңгерлікті тоқтату үшін қатаң шара қолданатынын, елге бітімгершілік әскерін шақыртқанын мәлімдеді. Меніңше, осы мәлімдеме дұрыс шешім болды. Өйткені, Президентіміз дер кезінде ешкімге алаңдамай әділ де қатаң шешім қабылдамағанда жағдай немен аяқталатынын беймәлім еді. Сондықтан да біз ел тағдыры қыл үстінде тұрғанда бар жауапкершілікті өз мойнына алып, басына түскен ауыртпалыққа қасқая қарсы тұра білген Мемлекет басшысының бұл ерлігіне риза екендігімізді айта кеткен де абзал.

Ал осы қасіретті екі күнде бүкіл қазақ халқының алтын бесігі Алматының ұйқы-тұйқысы шықты, талай әсем ғимараттар отқа оранды, банктер мен көптеген сауда орындары тоналды. Әріне, осының бәрін істеп жүрген тек қана террористер десек қате болар еді. Көшеге шыққандардың біразы ұрлықшы, зорлықшыл тобырға ілесіп кеткенін ешкім жоққа шығара алмайды. Есігі бұзылып, иесіз қалған дүкендерге қымбат көліктерімен келіп, үстеріне қымбат құндыз тон киген жап-жас келіншектер асықпай-ұсықпай заттарды, киім-кешектерін тонағанын көргендер: «Біздің халыққа не болған?» деп жағасын ұстағаны да жасырын емес.

Иә, біздің халқымызға не болған?! Ықылым заманнан ата-бабамыздың: «Біреудің ала жібін аттама», «Үлкеннің алдын кеспе», «Сөзін жерге тастама», «Кісі ақысын жеме» деген ырым-тыйымы, қасиетті ұлттық тәрбиесі қайда? Бұл дегеніңіз қазақ қоғамы, халық пен Үкімет жас ұрпақ тәрбиесін әлдеқашан ұмытқан деген сөз. Демек, «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру барысында түбегейлі реформа жасауға кіріскен Президентіміз саясат пен экономикадағы келеңсіздіктердің тамырына балта шабумен қатар жас ұрпақ тәрбиесіне де алдымен көңіл бөлгені абзал. Ол үшін Қазақстандағы қазақ және орыс,

сонымен қатар ұсақ ұлт мектептеріне ортақ ұлттық тәрбие беретін бағдарлама жасаудың уақыты әлдеқашан жетті деп ойлаймын. Барлық мектептегі Қазақстан оқушылары отансүйгіштік рухында бірдей тәрбие алуға тиіс. Демек, ұлттың тәрбие пәнінің концепциясы жасалып, халқымыздың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесін осы оқулыққа енгізсе қане?! Бұған қоса қазақ халқы үлкенін сыйлаған, дуалы ауыз ақсақалдарын қадірлеген, еңдеше қоғамдық негізде саясатқа араласпайтын, тек қана жас ұрпақ тәрбиесімен айналысатын Ақсақалдар институтын неге кіргізбеске?!

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» телеарнасына берген сұхбатында: «Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз», — деген жарқын ой айтты.

Меніңше, бұл қазақ қоғамы 30 жылдан бері асыға күтіп жүрген киелі сөз. Жүйені өзгерту деген сөз «Жаңа Қазақстанды» өзгерту деген қасиетті ұғым емес пе?! Соңғы аптада биік лауазымды адамдардың біразы жұмыстарынан кетті. Бұл-дағы еліміздегі жаңа реформалардың бастауы болса керек. Мұның бәрі қаңтар трагедиясынан кейінгі Президентіміздің игі шаралары.

Осы тұрғыда «Қазақстан халқына» қайырымдылық қорынан да көп үміт күтеміз. Өйткені бұл қорға салым салатын ірі кәсіпкерлер. Жасыратын несі бар, ақшалы қазақтардың өз халқын ұмытқаны қашан. Шынында да қарапайым халық пен байлардың арасы тым алшақтап кетті. Әсіресе, ауыл мектептерінде оқитын балалардың басқа елдерде оқу мүмкіндігі шектеулі. Ал техникалық жоғары оқу орындарында оқуға ауыл балаларын тартудың тура жолы осы қор болса керек.

Қаңтар трагедиясынан кейін бүлікшілікке қатысқан талай жастар тергеліп жатыр. Осыған орай жазықсыздарды босатындар деген талаптар жиі айтылуда. Мұндай үндеулерді бәріміз де қолдаймыз. Алайда кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін анықтау үшін де уақыт қажет қой. Тергеу жұмысының әділдігін бақылау үшін белгілі құқық қорғаушылардан құрылған қоғамдық комиссияның жұмысына біз бәріміз қолдау көрсетіп, көмектескеніміз абзал.

Қаңтар трагедиясынан кейін қазақ зиялыларының да ойланатын тұстары көп сияқты. Әсіресе, соңғы кезде белгілі тұлғаларға табыну, мақтау, мадақ арнау, жағынып кітап жазу, бірінен-бірі асыру, сөйлеу қазақ зиялыларының үйреншікті әдетіне айналып кеткенін қалай жасырамыз? Сондай біз білетін жағымпаздардың күні кеше өз айтқандарынан өздері құтыла алмай шәт-шәлекейлері шықты емес пе?!

Қазақ ақын-жазушыларының осал тұстарын өте жақсы білетін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев журналистін: «Мадаққа қалай қарайсыз?» деген сұрағына: «Мен бұған қарсымын. Өйткені, мақтау, мадақтау сөздері мүлдем жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдаймын. Мақтау сөздерге «табиғи иммунитетім бар дей аламын», — деп жауап берді. Демек, қазақ зиялыларының да рухани жаңғыратын уақыты жетті ғой деп ойлаймын. «Мен саясаткер емеспін, еркін адаммын» деп ұлы Виктор Гюго айтқандай, бізге де еркіндік керек емес пе?

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
ҚР Президенті сыйлығының
лауреаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қызметкері

(«Жас Алаш» газеті,
8 ақпан, 2022 жыл)

▲ ПАЙЫМ

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктеріміз аз болған жоқ. Дегенмен, ел өміріндегі барлық мәселе толық шешімін тапты деп айта алмаймыз. Қордаланған проблемалар да жетіп артылады. Шешімін таппаған мәселелер елдің наразылығын тудырып, шерулер мен қақтығыстарға әкелді. Ал «Қасіретті қаңтар» оқиғасы көп жағдайдың, оның ішінде экономикамыздағы қордаланған өткір мәселелердің бетін ашып берді.

Даму бағыттары АЙҚЫНДАЛДЫ

Қазіргі кезде осы өзекті түйіндерді шешудің басты жолы ретінде халық тұрмысын жақсарту мен еліміздің мол байлығын көпшіліктің игілігіне жарату, әділетті қоғам мен тиімді мемлекет орнықтыру мәселелері алға шықты.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев бизнес өкілдерімен кездесуінде «Қазақстан бойынша халық наразылығының басталуына түрткі болған басты мәселе – елдегі қымбатшылық, бағаның тұрақсыздығы, стратегиялық маңызы бар тауарлар мен өнімдер бағасының тым шарықтап кетуі» – деп атап көрсетті.

Аталған мәселелерді шешудің осыдан он бес жыл бұрын құрылған, республикамыздың әртүрлі саласындағы мемлекеттік активтерді басқаратын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қызметіне қаржылық талдау мен тексеру жүргізуден басталғаны орынды болды деген ойдамыз. Кезінде бұл ұйымды құрудағы басты мақсат ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетін арттыру болған еді. Сонғы уақытта оның құрамына «ҚазМұнайГаз», «ҚазТрансойл», «Қазақстан темір жолы», «Қазатомпром», «Эйр Астана», «Самұрық-Энерго», «KEGOK» сынды ірі холдингтер топтасты. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызын құрайды. Демек, ол тиімді жұмыс атқарса, мемлекеттің экономикалық өсімі де қарқын ала түсер еді, бірақ бұл ұмып етіп ақталмады.

Ал, әлемдік тәжірибеде, оның ішінде Сингапур, Оңтүстік Кореяда мемлекеттің қаржысы арқылы құрылған компаниялар, ірі холдингтер елдің экономикасын жаңа деңгейге көтеріп, озық дамыған және бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына енуіне ықпал етіп отыр.

Бұрын Қазақстанда қалыптасқан экономикалық модельге сай, мемлекет бизнестің дамуына мүмкіндік беріп, ал олар жұмыс орындарын ашып, пайда әкелуі тиіс еді. Бірақ нәтиже жоқ. Сондықтан ҚР Президентінің «Ұлттық табыс құрылымындағы бизнес пайдасының үлесі 61,5 пайыз, салықтың үлесі – 7,3, ал халықтың табысы соның тек үштен бірін – 31 пайызды құрап отыр», – деп, оны қайта қарастыру мәселесіне назар аударуы кездейсоқтық емес.

Президентіміздің тәуелсіздік алғаннан бері елде әлеуметтік, бизнес, экономика және ұлттық байлықты игеру саласында қалыптасқан, тамыры тереңге кеткен мәселелерді ашық айтып, тиісті дәрежеде шешудің жолдарын нық көрсетуі отандастарының көңілінен шықты. Ол шамадан тыс байлық кеткен компаниялар мен олигархтар тобының елдегі бәсекелестікті дамуына кері әсер етіп отырғанын баса айтты. Сондықтан экономиканы сауықтыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу, қоғамдағы экономикалық теңсіздік пен әлеуметтік әділетсіздікті жою, төменгі жалақыны көтеру, қарапайым адамның өмір сүру деңгейі мен ортасын жақсарту сияқты өткір мәселелерді шешу жолдарының айқындалуы қоғам көлемінде үлкен қолдау туғызуда. Мысалы, елдегі әлеуметтік жағдайды шешуге қатысты «Қазақстан халқына» қоры құрылып, өз жұмысын бастады. Бұл жаңа Қазақстанды құрудағы толыққанды реформалардың бастамасы, халықтың жағдайын жақсартуды қолға алған ұлкен игі іс деп білеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың биылғы 11 қаңтарда жасаған мәлімдемесінің еліміздегі саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларындағы өзекті мәселелерді шешу бойынша мәні зор. Себебі, олардың тәуелсіз еліміздің тағдырына тікелей ықпалы бар. Сондықтан алдағы уақытта жаңа Қазақстанды дамытудағы келесі бағыттар бойынша батыл шешімдер қабылданып, күн тәртібіне қойылды. Олар:

1) нарықтық қатынастарды тереңдеті дамытуға бет бұру, ол үшін еліміздің экономикалық салаларында орын алып отырған монополиялық, олигополиялық билікті шектеу, сонымен бірге мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежеп, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеледі, сондықтан рынок талабындағы еркін бәсекелестікті дамытуға жол беру;

2) мемлекеттік, яғни, қоғамдық қаржы ресурстары саласындағы түйткіл мәселелердің себептерін анықтау үшін мемлекеттік сатып алу саласын реттеу, бюджеттік қаражатты талан-таражға салуды тоқтатумен бірге «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының, Қазақстан даму банкінің, ұлттық компаниялар мен олардың еншілес кәсіпорындарына арнайы тексеріс жүргізу және тиімсіз қызметтерді қысқарту арқылы орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің қаржылық көздерін анықтау, квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етудегі микро-қаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу;

3) отандық бизнеске қолдау көрсету, ауылшаруашылығын қайта құру, еңбек өнімділігін арттыру;

4) кедендік қызметтің тазалығы мен ашықтығына, тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу, оның ішінде қазақ-қайтай шеғарасында орын алып отырған экономикалық-контрабандалық қылмыстарды жою;

– негізсіз салынатын салықтар мен қайда кетіп жатқаны түсініксіз төлемдерді жою;

– халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, ішкі стихиялық көші-қонды реттеу, т.б. өткір мәселелердің шешімін табу және жүзеге асыру.

Бұл жаңа бағыттар елімізді қайғы-қасіретке алып келген алғышарттардың себеп-салдарын жоюға, қоғамда қордаланған саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани салалардағы мәселелерді шешуге әкеліп, қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығы, қауіпсіздігі, құқықтары мен бостандықтары, өмір сүру сапасы мен деңгейі сияқты конституциялық тұрғыда бекітілген ең жоғарғы құндылықтар мен қағидаттарды жүзеге асыруға өріс береді деген сенімдеміз.

Жаңа Қазақстанды құруда «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» жұмылып, «Бірлік бар жерде тірлік бар!», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халқымыздың ежелгі даналығын басшылыққа алу орынды деген ойдамыз. Ал әр қазақ, әр қазақстандық үшін қиындықтарды енсерудің танылған тәсілі болмақ. Себебі еліміз үшін тәуелсіздік, тыныш және бейбіт өмірден артық құндылық жоқ.

Балхия ШӨМШЕКОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты

Жаңа жыл басында орын алған Қаңтар оқиғасы кім-кімге де оңай тимегені анық. Қазақ халқы үшін бұл кезекті ауыр сынақ болды және ел тұтастығы мен тәуелсіздігіне қауіп төндірді. Оқиға тек бізді ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Әрине, мұндай жағдайдан үлкен сабақ алуға тиіспіз. Өйткені, соңымызда жас ұрпақ өсіп келеді. Олар экономикасы өркендеген, тұрғындарының әлеуметтік жағдайы жақсарған жаңа Қазақстанда өмір сүргісі келеді. Қалай десек те халыққа тек тыныштық қажет. Қолдан келгенше ел мен жерді сақтап, қорғап, бейбіт күннің бағасы мен қадірін білген жөн. Өйткені, өз-өзімізге қолдау танытып, бір-бірімізге сүйеу болмасақ, сырттан келіп бізді ешкім де жарылқамайды. Осыны ойлаған абзал. Басымыздан өткен қиын күндер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудың қаншалықты маңызды екенін түсіндірді. Бұл туралы айтылып та, жазылып та жатыр.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сонғы болған оқиғалар тек еліміздің ғана емес, бүкіл әлемдік ақпарат құралдарының назарына ілікті. Қазақ халқының басына түскен осындай ауыр сынақта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел жанынан табылып, көпшілікті сабырға шақырды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Елорда төрінде өткен ҚР Парламенті Мәжілісі отырысында сөйлеген сөзінде ерекше толғаныспен жеткізді. Қазақстан халқы Президенттің Парламенттегі баяндамасына құлақ асып, болашақтан үлкен үміт күтті. Осы кезінде Қасым-Жомарт Кемелұлы тиімді шешімдер қабылдап, жағдайды тұрақтандырды. Батыл қабылданған саяси шешімдердің арқасында ғана ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз етілді. Мемлекет басшысы қажетті шешімдерді уақытылы қабылдап қана қоймай, болашақта жүзеге асырылуы тиіс шараларды да жіті ойластырды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз мәлімдемесінде болған оқиғаларды саралап, бұл дағдарыстан Қазақ-стан-ның қуатты әрі күшті мемлекет болып шығатынына нық сенім білдірді. Отырыста мемлекеттік қауіпсіздік мәселесінен бастап әлеуметтік-экономикалық даму, саяси реформалар кешенін жүзеге асыру бастамасы көтерілді. Қоғам алдындағы жауапкершілік мәселесі де сырт қалған жоқ. Ұрпақ болашағы үшін жауапты кәсіпкерлерді дайындау, бизнестегі бюрократизмді жою, мемлекеттік тұрғыда оларды қолдау, борін заң жүзінде іске асыру қарастырылды. Осы тұрғыда елдің күрделі кезеңге аяқ басқанын ескерер болсақ, үндеуіле айтылған тапсырмаларды жауапкершілікпен жүзеге асыру аса маңызды деп білемін.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, біраз уақыттан бері сөз болып келе жатқан утилизациялық алым мәселесіне ден қойды. Жасыратыны жоқ, бұл жайында жеке автокөлік, ауылшаруашылығы техникасы мен жүк көлігінің иелері де айтып келеді. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Кемелұлы «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің қөдеге жарату алымын жүргізу және оған иелік етуді тоқтату жөнінде шаралар қабылдауға тапсырма берді.

Бұл жайында: «Кәсіпкерлер мен жалпы қоғам тарапынан «Оператор РОП» деп аталатын компанияның қызметіне қатысты көптеген сұрақ туындап отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс ұйымдастыруға дейін жетті. Үкіметке «Оператор РОП» ЖШС-нің утильдік алым жинау мен пайдалануын тоқтату бойынша шара қабылдауды тапсырамын. Мұнымен шет елдердегідей мемлекеттік ұйым айналысу керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың ставкасы қайта қаралғаны жөн. Мемлекеттің утилизациялау, автомобильдік өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы машиналарын жасауға қолдау көрсетуін ешкім тоқтатқан жоқ. Бұл мәселені бизнеспен және қоғаммен конструктивті түрде талқылау керек. Отандық автокөлік пен ауылшаруашылығы техникасын сатып алушыларға утильдік алым есебінен вачер беру мәселесін қарастырған жөн. Осы және өзге де утильдік алым қаражатын қоғамға пайдамен жарату тәсілдерін қарастырыңыздар», – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, 2016 жылдан бастап Қазақстанда көлікті импорттау үшін утилизациялық алым алынып келді. Ол АЕК-ке байланысты болғандықтан, жыл сайын өсімі жалғасты. Қозғалтқыштың көлеміне және көлік түріне қарай утилизация көлемі айтарлықтай қоматқы қаражатты құрады (450 мың теңгеден 14 миллион теңгеге дейін). Мұндай қоматқы төлемдерді төлеуге автокөлік өндірушілер, ресми импорттаушылар және Қазақстанға көлік әкелісі келетін жеке тұлғалар міндетті. Төлем көлікті бастапқы тіркеуге дейін жүзеге асырылатындықтан бұл бағаны айтарлықтай арттырады.

Ендігі кезекте утилизацияға қатысты Президент берген тапсырманы іске асыру азаматтардан негізсіз қаржылық жүктемені алып тастауға жол ашпақ. Мемлекет басшысы осылайша утилизациялық алымның қажеттілігі туралы қоғамдық талқылауларға назар аударды. Жалпы, утилизациялық алымды жеке компаниядан мемлекеттік ұйымның қарамағына беру алымдардың ашықтығын арттыруға және халықтың мемлекеттің утилизация саясатына деген сенімін нығайтуға ықпал етеді деген болжам бар. Осыған байланысты біраз адамның пікіріне құлақ асып, ойларын білген едік.

▲ ТІЛШІ ТОЛҒАМЫ



УТИЛАЛЫМ автокөлік арзандай ма?

Алмасбек САДЫРБАЕВ, ауылшаруашылығы сарапшысы, «Шопан ата» қой өсірушілер қауымдастығының төрағасы:

– Бүгінде әлем елдерінде утиль алымның сан түрлі нұсқасы бар. Бірақ оларда елдегі сияқты алым құны тым қымбат емес. Әр ел өзінің тұрғындары, шаруаларының жағдайына қарай тым төмен мөлшерде алым ақысын белгілеген. Тіпті өз мемлекетінде автокөлік өндірісі жоқ көптеген ел автокөлік болсын, ауылшаруашылығы техникасы болсын утиль алым алмайды. Бізде бұл алым алынған күннің өзінде автокөлік пен ауылшаруашылығы техникасын бөліп қарастыру керек. Себебі, отандық, шетелдік автокөлік бес, жеті, он жыл пайдаланылса, қомбайн, трактор сияқты ауылшаруашылығы техникасы жиырма, отыз жыл бойы қолданылады. Тіпті, ауылшаруашылығы техникалары ескіріп, тозғаннан кейін де керекті бөлшектерін басқа техникаларға ауыстырып, пайдалануға болады.

Осы тұрғыдан келгенде, утилизациялық алым ауылшаруашылығы техникасынан мүлде алынбау керек. Егер мемлекет тарапынан ауылшаруашылығы техникасына утиль алым алу керек деген жағдайдың өзінде қарапайым шаруаға үйлесімді тетігін қолданған дұрыс. Мысалы, табысы төмен тұрғындар көп тұтынатын арзан бағалы автокөліктер мен қарапайым шаруа көп пайдаланатын 80, 82, 100, 120, 150 аттың күшіне тең келетін ауылшаруашылығы техникасына утиль алым алынбау керек. Ал одан қымбат 200, 250, 300 ат күші бар техникаларға төмен пайызбен алым алынса құба-құп. Мемлекет осындай әдісті қолданса, қарапайым халық ұтылмайды, қымбат көлік мінгісі, техника алғысы келгендер де төмен пайызды алымын төлеп, өз қажетін қанағаттандыра бермек.

Мәшен СЕМБАЙҰЛЫ, «Ақбота» шаруа қожалығының басшысы:

– Шыны керек, елдегі утиль алымның қымбаттығы көптеген жұртшылықты қалтасын қағуда. Шет елдердегі автокөліктер мен ауылшаруашылығы техникаларының біздегіден едәуір арзан екені де рас. Жоғарыда аталған жұмыстар бір жүйеге келтірілсе, бағаның да тұрақталады дегеніміз бар. Сан мыңдаған тұрғын ескі көліктерінен түсіп, жылы, жаңа, жүрдек «темір тұлпарларды» жүргізуге мүмкіндік алап еді. Бұл өз кезегінде, ауылшаруашылығы саласын дамытуға да ерекше серпін бермек. Шегара сыртынан кіргізер техникалардың құжатын реттеуге жеңілдік жасалса, дөң егіп терлеген дикандарға да біраз көмек болмақ. Кішігірім жерден нәпақасын тауып отырған халық көбіне өзгелерден техниканы жалға алады. Олардың бағасы кейде нарыққа байланысты жоғары. Бұл өнімнен түскен табысқа салмақ салып, жағдайдың оңалуына кедергі келтіреді.

Ал техникалары болғанын өзінде ескірген, жүруінен бұзылуы көп. Сайманға кеткен қаражатқа сырттан тәуір техника алып келуге болады. Өзім де қожалығымда жер аударып, егін салып, еңбек майданында жүрмін. Техника тұралап қалса, біржылдық табыстан айырыласың. Себебі, егін даласындағы жұмыс уақытылы орындалмаса болмайды. Көктемгі егін салу науқанында құр қалсаңыз немесе қызыл қырманың қызған күз мезгілінде қозғалыс болмаса еңбектің зая кеткені. Утиль алымның қуны азайса, көптеген ауқымды жұмыстарға жол ашылып, көшелердегі көліктердің жағдайы жақсарып, егін алқабын аударған техникалар тынбай жұмыс істеуші еді.

Жандос ТІЛЕПОВ, такси жүргізушісі:

– Менің автокөлік тізгініндеп жүргеніме отыз жылдай уақыт болыпты. Жолаушылар тасымалдап күн көреміз. Соңғы бес-алты жылда автокөлік бағасы тым аспандап кетті. Көлігімізді жаңалауға қалтамыз көтермей қалды. Оған утиль алым бағасының шектен тыс өсіп кеткені себеп болып отыр. Бұл мәселе көлік жүргізушілердің бас ауруына айналғалы қашан?! Оны айтудан еш жалыққан емеспіз. Бірақ сөзімізді тыңдар құлақ болмайды.

Жуырда Мемлекет басшысы осы мәселені көтеріп, Үкіметке оны шешу бойынша тапсырмалар берді. Әрине, бұл бәрімізді қуантты. Утиль алым көлемінің шет елдерде қандай екенін оқып, біліп жүрміз. Мәселен, Еуропадағы бұл салық түрі біздің елге қарағанда біршама төмен. Шет елдіктердің алатын жалақысы көп болса да, утиль алым көлемі әлдеқайда арзан. Ал бізде ше? Бізде керісінше. Айлық жалақымыз шайлыққа жетпейді. Сөйте тұра утиль алым бағасы тым шарықтап тұр. Сондықтан осы мәселеге Мемлекет тарапынан мән беріп, комиссия құрылып, оны жіті талдап жатқандары көңіл тоғайтады. Утиль алым бағасының арзандайтынына сенім мол.

Насыр МАКСУТОВ, «Жүмеке» шаруа қожалығының төрағасы:

– Мемлекеттік деңгейде көтерілген утиль алым жөніндегі мәселе қазір қоғамда қызу талқыланып жатыр. Мен соның ішінде ауылшаруашылығы техникаларына салынатын утиль алым біржолата тоқтатылса немесе мөлшері мейлінше төмендетілсе деймін. Себебі, бізде лизингке берілген ауылшаруашылығы техникаларының бағасы өте қымбат, жылдық пайыздық қайтарым мөлшері де жоғары. Егін егу, өнім жинау, шөп шабу сияқты басқа да дала жұмыстарына пайдаланылатын техникалар мен агрегаттарды сатып алуға берілетін несенің пайыздық мөлшерлемесі фермерлерге оңайға түспейді. Оған қоса, утиль алым деген тағы бар. Сондай шығындардың бәрі жинақтала келе, ауылдағы шаруаның ілгері басуына елеулі кедергі келтіріп, алға басқан қадамына тұсау болады.

Ауылшаруашылығы техникаларына салынатын утиль алымның өзі – айналдыр келгенде, өндіріп отырған азық-түлік тауарлары бағасының көтерілуіне себеп. Өйткені, ескі техникамен жұмыс істеу тауардың өзіндік құнының өсуіне әкеледі. Ал жаңа техниканың шығыны аз әрі өнімділігі жоғары. Сол себепті әрбір келі ет пен литр сүтте, жем мен шөпте, өзге де өнімдерде оның үлесі бар. Соның салдарынан фермер өз өнімінің бәсін қымбаттатуға мәжбүр. Бұл тұтынушының, яғни, сатып алушының да қалтасына салмақ салады. Осы алым түрлі мөлшерінің шамадан тыс жоғарылығы бүгінде шаруаларды мазалайды. Фермер жұмысын жақсарту үшін тәуекелге барып, өнімділігі жоғары шетелдік техника сатып алған жағдайда, утиль алымның үлесі оның құнының 10 пайызына дейін құрайды.

Бұл соманы жаңа техниканы есепке қойғанға дейін төлеу талап етіледі. Оңсыз да пайызбен несие алып, қарызға батып отырған шаруагерге мұның өзі оңайға түспесі түсінікті.

Бұл жерде жаңа заманауи техниканың болудың көптеген шығыны бар екеніне тоқталмай-ақ қояйын. Өйткені, оның да тарифтері төмен емес. Осы бір ғана алымды ауылшаруашылығы техникаларына салудан алып тастаса немесе біраз төмендетсе, оның өзі шаруаға мемлекет тарапынан көрсетілген бірден-бір жеңілдік болар еді. Мұндай салықтың мөлшері экономикасы қарыштап дамыған шет мемлекеттердің өзінде бізде-

гімен салыстырғанда анағұрлым төмен. Сондықтан, азық-түлік бағасының қымбаттауына әсер етіп отырған осы утиль алым бәрімізге қатысы бар мәселе. Егер, утиль алым тоқтатылса, бұл фермердің жағдайының жақсарып, шаруасының оңаларына ықпал етер еді.

Жәнібек ТӨЛЕМІС, сарапшы:

– Бүгінде адамдардың жүріп-тұруына қажетті арзан көліктерді күнделікті өмірде көріп жүрміз. Көз жауын алатын, бағасы қымбат автокөліктерді де кездестіреміз. Енді Қазақстанның автокөлік нарығындағы утилизациялық төлемдердің өзгеруіне келер болсақ, оның мемлекет құзырына берілгені тауар бағасының арзандауына әкеледі деп кесіп айту қиын. Нарық әлемі өз заңдылықтарымен дамытын күнделікті өмір көрсетіп келеді. Мысалы, мұнай бағасының көтерілуі – жанар-жағармайдың қымбаттауын туғызғанымен, көміртегінің арзандауы салдарынан бензин құны төмендепті дегенді естігендеріңіз бар ма?!

Бұл жолы да, егер мемлекеттен пәрмен болмаса, осы заңдылық жүзеге асуы әбден мүмкін. Яғни, утилизациямен айналысу мемлекеттік мекемелердің қолына өтіп, төлем құны әлдеқайда арзандатылғанымен, сырттан келіп жатқан автокөліктердің бағасы сол күйінде қалуы әбден мүмкін. Бұл біздің болжам ғана. Ал, шын мәнінде қалай болатынын уақыт көрсетеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлының берген тапсырмасын орындау аясында 18 қаңтарда ҚР Үкіметі «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» Қаулы қабылдады. Құжатқа сәйкес «Жасыл даму» АҚ мемлекеттік ұйымы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып айқындалды. Осылайша, «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің утилизациялық алымды әкімшілендіру және тиісті қаражаттарды басқару шеңберіндегі қызметі тоқтатылды. Утиль алым қаражаты есебінен құрылған активтер мемлекет меншігіне берілді.

Аталған акционерлік қоғам ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарайтын ұйым болып табылады. Утиль алым мөлшерлемелерін қайта қарау үшін ведомстваралық жұмыс тобы құрылды. Оған жұртшылық, бизнес және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кірді. Белгілі болғанды, жұмыс тобы мүшелері қазір ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері қабель-сым өнімдеріне утиль алым алу мерзімін 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шегеру бойынша жұмыс жүргізуде.

«Жасыл Даму» АҚ утилизациялық төлемдерді қабылдау жүйесін қайта іске қосты. Қазіргі уақытта өндірушілер мен импорттаушылардан утиль алым қабылдау толық жүзеге асырылуда. 2022 жылғы 24 қаңтардан бастап утилизациялық төлем қабылдау «Жасыл даму» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі жаңа деректемелерінде жүргізіледі. «ӨКМ Операторы» ЖШС функциялары «Жасыл Даму» АҚ-ына өткен уақыттан бері утиль алым төленгендігі жөнінде сегіз жүзден аса сертификат берілді.

Жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы утилизациялық алым мәселесіне тағы бір мәрте назар аударып, қазақстандық автоөнеркәсіппен және елімізде автокөліктердің қалай шығарылатыны туралы мәселені шешуді тапсырды.

Осыған байланысты: «Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шешті. Ендігі мәселе – мөлшерлемесі деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу талқылап жатыр. Бірден айтайын, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауылшаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осы жылыда Үкімет басшысы Әліхан Смайылов көліктер мен ауылшаруашылығы техникаларын қайта өңдеу үшін утилизациялық алым мөлшерлемелерінің айтарлықтай төмендейтінін жеткізді. Қазіргі кезде осы бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

▲ КӨКЕЙТЕСТІ



СУ ТАПШЫЛЫҒЫ

БОЛМАСЫН ДЕСЕК

Суару маусымының басталуына да аз уақыт қалды. Өткен жылдары орын алған құрғақшылық, өзен-көлдердің тартылуы, су деңгейінің азаюы, трансшегаралық өзендерде туындап жатқан қиындықтар суға тапшылықты туындатқанын жасыра алмаймыз. Алдағы уақытта осы қиындықтардан сәтті өту үшін не істеу керек? Қолда бар ресурстарды қалай ұтымды пайдалануға болады? Осы және басқа да сұрақтарға нақты жауап алу үшін «Қазсушар»РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергеновке жолығып, өңір диқандарын қолдау үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын сұрап білген едік.

— Саят Үсенұлы, сұхбатты өзіңіз басқарып отырған мекеменің су беру қызметін қалай жүзеге асыратынынан бастасақ?

— Әрине, «Қазсушар» РМК Алматы филиалы Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу, Панфилов, Ұйғыр аудандары, Шеңгелді алабы және Талдықорған қаласы сияқты сегіз ауданның каналдары бойынша суармалы су беруді жүзеге асырады. Филиалдың теңгерімінде 15 бірлік су жинау торабы, 9 су қоймасы және 5113 шақырым су бөлу және ішкі шаруашылық каналдары бар. Обьектін суармалы жерлердің жалпы ауданы 583 мың гектар екендігі белгілі. Соның ішінде біздің мекеме қызмет көрсететін жерлердің жалпы аумағы 198,3 мың гектарды құрайды. Өткен жылы оның 134,4 мың гектары пайдаланылды. Пайдаланылмайтын алаң болашақта арналарды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарының есебінен бірте-бірте қосылатын болады.

— Өткен жыл өңір үшін аса жеңіл болмағаны анық. Аймақтағы шаруа қожалықтарын суармалы сумен қамтамасыз ету барысында түрлі қиындықтар орын алды. Осы тұста сіз басқаратын кәсіпорын диқандарды қолдау асында қандай шаралар қабылдай?

— Облысымыз аграрлы аймаққа жататындықтан суға деген қажеттілік ерекше маңызға ие. Біздің мекеме қызмет көрсететін 134,4 мың гектар алқаптың тек 1 пайызы ғана суды су қоймаларынан алады. Сондықтан жыл сайын су қоймаларына осыған жеткілікті көлемде су жинауды басты мақсат етеміз. Қалған бөлігі өзендердің еншісінде. Алайда өзен суының көп не аз болуы өз кезегінде ауа райына, мұздықтардың еруіне және қар қорына байланысты. Өткен жылғы суару маусымында шілденің ІІ онкүндігінен бастап өзендер де жауын-шашынның болмауы және температураның тұрақсыздығына (түнгі уақытта температураның төмендеуі) байланысты су деңгейінің күрт төмендеуі байқалды. Атап айтар болсақ, былтырғы суару маусымында Ақсу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласында су жетіспеушілігі орын алды. Өйткені өзендер мен бұлақтардағы су деңгейі өте тұрақсыз болды.

Десе де, осындай қиын тұста кәсіпорын суармалы су беру барысында туындаған қиындықты дер кезінде шешіп отыру үшін және Қаратал, Ескелді және Талдықорған өндірістік учаскелеріндегі суармалы судың жетіспеушілігі мәселесі бойынша ауылшаруашылығы тауар өндірушілерімен бірлесе отырып шұғыл түрде комиссия құрдық. Көксу өндірістік учаскесі біздің тапсырмамыз бойынша Көксу бөгеті арқылы Қаратал өзеніне күндіз 3 м³/с көлемінде және түнгі сағат 20.00-ден таңғы 4.00-ге дейін 6 м³/с көлемінде су жіберді. Ескелді ауданы, Талдықорған қаласы Қаратал өзеніндегі су деңгейінің төмен болуына байланысты су беру қиындықтарын бастан өткерді. Сондықтан Ескелді, Талдықорған өндірістік учаскелерінің қызметкерлері түнде кезекшілікте болды, гидрометрлер су бөлу бойынша суды күніне және түнгі уақытта 3-4 рет бақылап, өлшеп отырды. Сондай-ақ, арналар арқылы су айналымын жүргізді.

Ақсу ауданының Қаракөз, Жаңалық ауылдық округтерінің шаруа қожалықтары егіс алқаптарын суару үшін суармалы

судың тапшылығын сезінді. Оның себебі, Ащылыөзек бас магистральді каналы және басқа да магистральді каналдардың бас тоғандары «Сарканирригация» МКК балансында, ал су шаруашылығы телімдері мен суармалы жерлер Ақсу және Алакөл аудандарының аумағында орналасқан. Су бөлетін мекеме бір ауданға, суармалы жер тағы біріне қарағандықтан әкімшілік басқарудағы келенсіздік суы мол өңірдегі су жетіспеушілігін туындатты. Сондықтан Басқан, Лепсі өзендерінен суаратын суды ұтымды пайдалану және Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарының ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін сумен толық қамтамасыз ету үшін «Сарканирригация» ІПЖБМК республикалық меншікке — «Қазсушар» РМК Алматы филиалының теңгеріміне берілуі керек. Бұл шұғыл қарауды талап ететін мәселе. Жоғарыда аталған шаралардың арқасында суару маусымы қиындықтарға бетпе-бет келгенімен, сәтті өтті.

— Суды барлық арналар арқылы өткізу және оны тұтынушыға жеткізу үлкен жұмыс. Әрине, бұл үшін суару желілері дайындалуы керек. Облыста ирригациялық желілердің жалпы ұзындығы 16 мың шақырымнан асатынын білеміз. Сіздер қайта құру бойынша қандай жұмыс істедіңіздер?

— Өткен жылы өңір бойынша 65 шақырымнан астам ирригациялық желілерді механикаландырылған тазалау жұмысы жүргізілді. Анықтап айтсақ, Ақсу ауданында 8,3, Қаратал ауданында 32,53, Көксу ауданында 13,32, Панфилов ауданында 5,4, Ескелді ауданында «Ақешкі» ШҚ-да 1,3, Ұйғыр ауданында 1,5, Алакөл ауданында 2,9 шақырым ирригациялық желі тазартылды, су беруге жақсы мүмкіндік жасалды. Сондай-ақ, Көксу ауданында сол жағалау МК-да жана гидротехникалық құрылыс салынды.

Инвестициялық бағдарлама бойынша Ақсу ауданында суару желілерін қайта құрудың екінші кезеңі жүргізілуде. Ал «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша Қаратал, Көксу, Панфилов және Талдықорған өндірістік учаскелерін қайта жанарту жұмысы жалғасуда. Қысқасы, аймақтағы ирригациялық желілерді жаңғырту жұмысы жоспардағыдай орындалуда.

— Бірнеше жыл бойы облыста суармалы жерлерді қалпына келтіру және ұлғайту бойынша үлкен жұмыс атқарылып жатқанын білеміз. Ирригациялық желілер қандай қаражатқа және қалай қалпына келтіріліп жатқанын айтып берсеңіз?

— Қазақстан Республикасының агро-өнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарының инвестицияларын тарту және мемлекеттік-жекешелік әріптестік желісі бойынша 17 аудандағы 137,8 мың гектар алаңда суармалы жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жоба суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін арттыру үшін су шаруашылығы құрылыстарын қалпына келтіру және қайта жанарту, бұрын қолданстан шығып қалған суармалы жерлерді ауылшаруашылығы айналымына енгізуді мақсат етеді. Оған Ислам Даму банкінің қаражаты тартылып, Ақсу, Алакөл, Ескелді және Көксу аудандарындағы 35410 гектар аумақтағы ирригациялық желілерді қалпына келтіру жұмыстары қаралды. Жоба 2018 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Осы жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін экскаватор, тиегіш-экскаватор, самосвал, автомашина және трактор, тағы да басқа арнайы техникалар сатып алынады. Бүгінгі таңда Ескелді ауданының суару желісін қалпына келтіру жобасы сәтті аяқталды. Ауданда жалпы ұзындығы үш жүз шақырымға жуық 88 канал қайта жанартылды, қалпына келтірілетін алаң 4 262 гектарды құрады.

Өткен жылдың соңында Қызылағаш бөгеті пайдалануға берілді. Қызылағаш су қоймасын қайта жанарту жұмысы 2016 жылы басталып, Су ресурстары комитетінің, «Қазсушар» РМК-ның тікелей басшылығымен толығымен қалпына келтірілді. Су қоймасында 42 млн. м³-тан астам орын бар. Бірнеше жыл бойы сынақ өткізіліп, жиырмадан отыз миллион текшеметрге дейін су жиналды. Бүгінгі күні бөгетке автоматты басқару жүйесі орнатылған және бақылау тәулік бойы жүргізіледі. Көктемде автоматты басқару жүйесі тексеріледі. Бүгінгі таңда ондағы су қоры 1400 гектар алқапты суару үшін жеткілікті. Алдағы уақытта суармалы жерлерді 5300 гектарға дейін ұлғайту мүмкіндігі бар. Бұл мақсатты орындау үшін облыс әкімдігі ирригациялық желілерді салу жобасын әзірледі. Дегенмен, бұл жоба фермерлер ылғал үнемдеу технологияларын қолданған жағдайда ғана жүзеге асатынын айта кеткен жөн. Дәстүрлі суару кезінде алаңдар тек үш мың гектарға дейін артады.

Жалпы, Ақсу ауданында дәнді, техникалық, азықтық дақылдар, көкөністер, бақша дақылдары өсіріледі. Сондықтан бөгетті пайдалануға беру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін болады. Жаңа жұмыс орындары құрылады, халықты жұмыспен қамту деңгейі артады. Су қоймасының сынақ режиміне қарамастан былтыр шаруа қожалықтары мың гектарға жуық алқапты суару үшін су алды.

— Су тасқыны маусымына дайындық туралы айтып берсеңіз?

— Биылғы су тасқыны кезеңін апатсыз өткізу үшін атқарушы органдармен, төтенше жағдай жөніндегі аумақтық мекемелермен бірге өткен жылдың күзінде комиссия құрып, барлық су шаруашылығы объектілерінің техникалық жай-күйін, сондай-ақ, өзен арналарының жағдайы толық тексерілді. Барлық объектілер қанағаттанарлық жағдайда. Инертті материалдар, ЖЖМ мен арнайы техниканың қажетті қоры және басқа да қажетті іс-шаралар дайындалды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда транзиттік режимге ауыстырылған су қоймаларындағы су деңгейін күнделікті бақылау жалғасуда.

— Саят Үсенұлы, биылғы ауа райы да қалыпты болмай тұр. Қыс бойы қар көрмедік десек өтірік болар, қар деңгейі жылдағыдай емес. Көктемгі жауын-шашынның қаншалықты болатындығы да белгісіз. Мұның бәрі суару маусымына әсерін тигізбей қалмайды. Сондықтан ылғалды сақтау және жақсы өнім алу үшін облыстың шаруа қожалықтары не істеуі керек?

— Тағы да қайталаймын, су тапшылығы енді жиі орын алып тұратын болады. Оған климаттың өзгеруі, экологияның бұзылуы, табиғи ресурстардың сарқылуы, пайдаланылатын егіс алқабының жыл сайын артуы, суға деген қажеттіліктің молаюы, тағы да басқа себептер тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары аймақтағы климаттық өзгерістерге байланысты көктемгі-жазғы кезеңде су ресурстарының тапшылығы байқалуда. Суармалы алқаптың 95 пайызына ылғал мұздықтардың еруіне және қардың еруіне байланысты тау өзендерінен алынады. Ылғалдың қалған 5 пайызы су қоймаларының еншісінде. Көктемгі кезеңде су қалыпты тірек деңгейіне дейін толтырылады және суармалы су беру қамтамасыз етіледі. Быыл климаттық өзгерістерге байланысты қуаншылық қайталануы мүмкін, өйткені қар жауған жоқ, бұл қар қорының қалыптасуына теріс әсер етеді.

Осыған орай «Қазсушар» РМК Алматы филиалы аудан әкімдерімен бірлесіп ауылшаруашылығы тауар өндірушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, диқандарды біртіндеп тапшылатып суару, жаңбырату және басқа да суарудың ылғал үнемдеуші озық технологияларына көшуді ұсынады. Ауыспалы егісті сақтау, ылғалды қол қажет ететін дақылдарды тек қолжетімді жерлерде, суару желісінің су беру учаскелерінде егу, топырақтың құнарлылығын және өнімділікті арттыруға байланысты тәжірибені жетілдіруді үйретуде.

Әрине, шығындарды азайту үшін шаруашылықаралық және шаруашылықишілік желілерді механикаландырылған тазарту аймақтың барлық ауылшаруашылығы өндірушілері үшін негізгі дайындық жұмысының бірі болып табылады. Қар тоқтату, буландыру азайту, топырақ эрозиясын болдырмау арқылы топырақтың су режимін жақсарту үшін орман алқаптарын отырғызуды да есте сақтау қажет.

Ауылшаруашылығы тауар өндірушілердің көпшілігінде агромелиорациялық іс-шаралардың жүзеге асырылмайтыны қынжылтады. Әсіресе, алаңдарды жоспарлау жоқ, ауылшаруашылығы дақылдарын себу же жүргізіледі, күзгі-көктемгі су зарядтайтын суару жүргізілмейді. Ауылшаруашылығы дақылдарының ауыспалы егісі сақталмайды. Бұл да суармалы судың дұрыс бөлінуіне кері ықпал етеді. Ауыспалы егістің сақталмауына байланысты, ауылшаруашылығы тауар өндірушілер суару маусымы кезеңінде бір мезгілде үлкен көлемде суармалы суға өтімін береді. Алайда арналардың өткізу қабілеті шексіз емес, бір мезгілде көп мөлшерде су бөлу үлкен қиындық туындайды. Басқа да себептер жеткілікті.

Сондықтан қолда бар ресурстарды пайдалану тәсілін өзгерту қажет. Осыған байланысты барлық ауылшаруашылығы тауар өндірушілер, шаруа қожалықтарының басшылары, диқандар инновациялық технологияларды қолдана отырып, суды үнемді және ұтымды пайдаланудың заманауи тәсілдерін меңгеруі керек. Сонда ғана кездескен қиындықтарды тиімді шешуге болады.

— Сұхбатыңызға көп рахмет.

Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС

▲ МӘСЕЛЕ

БАЙЛАНЫС қашан жақсарады?

«Jetisy» газетіне Қаратал ауданы Байшегір, Ақжар, Дөңши ауылдарының тұрғындарынан хат келді. Ауыл тұрғындары интернет желісі мен ұялы байланыстың өте нашар екенін айтып, редакциядан көмек сұрауда.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Аталған ауылдар облыс орталығынан 250 шақырым қашықтықта орналасқан. Байшегір ауылдық округінде 1305 адам тұрады. Ауылдың негізгі тіршілігі — мал шаруашылығы мен балық аулау. Ауа райы да өзгеше. Қысы қатал, жазы өте ыстық, құрғақ болып келеді.

Ауа райын бекер айтып отырған жоқпыз. Байланыстың нашарлығынан шалғайда жатқан елді мекендерде төтенше жағдай жиі орын алып жатады. Өзен-көлді жағалап балық аулауға кеткен тұрғындар қарлы боран мен жазды күні ұйытқып соққан желден ығып, кей реттерде жоғалып кетіп жатады. Арты орны толмас қайғыға душар болған оқиға да жоқ емес. Мал баққан малшылар да осындай оқиғаны басынан кешіреді. Осындай қиын кезде байланыс желісі жұмыс істемегендіктен ауыл тұрғындары жақындарымен байланыс орната алмай сарыуайымға салынып, жандарын шүберекке түйіп отырады. Дәл осы тұста ауыл тұрғындарының редакцияға жазған хатынан үзінді келтірейін.

«2013 жылы «Кар-Тел» ЖШС тарапынан Дөңши ауылына Билайн ұялы байланысының бағанасы орнатылып, Алматы, Дөңши ауылдары мен радиусы 15 шақырым қашықтықта орналасқан мал шаруашылығымен шұғылданатын шаруа қожалықтарына, балықшыларға ұялы байланыс қолжетімді болып, тұрғындар мүмкіндіктерін көрген болатын. Естүімзіше, ол кезде 2G технологиясы болған. Ал қазіргі таңда Билайн байланысының

қауаттылығы нашарлап, тіпті бағана орнатылған Дөңши ауылынан үш шақырымға толмайтын жердегі Алмалы ауылында да ұялы телефон байланысы ұстамайды. Ақ қар, көк мұзда қашықта орналасқан малшылар қауымы мен өзен, көлден нәпақасын тауып жүрген балықшылар үшін байланыстың жоқтығы тіпті қиындық туғызуда. Осының салдарынан қарлы боранда, тұманды күндері адамдардың жоғалу фактілері тіркелуде. Қазіргі технологияның дамыған заманында және пандемия кезінде интернет желісі мен ұялы байланыстың жоқтығы тұрғындармен қоса оқушы, студенттерге де оңай тимей тұр. Еліміз бойынша шалғай орналасқан елді мекендерді ұялы байланыспен, интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі Үкімет тапсырмасы біз секілді шалғай ауылдарда қашан орындалады?

Осы себептерді ескере отырып, қысқа мерзім ішінде сіздерден Байшегір ауылдық округіне қарасты Алмалы, Дөңши, Ақжар ауылдарына интернет желісі орнатылса және 3G немере 4G технологиясы қосылса деген тілегіміз бар. Газет арқылы осы өтінішіміз жасауыты, басшы орандарға жетсе деген өтінішіміз бар».

Ауыл тұрғындарының көтеріп отырған мәселесі орынды. Қазір жана технологияға тәуелді екеніміз белгілі. Ақпараттың барлығын осы интернет, мобильдік жүйе арқылы алатынымызды да ескеруіміз керек. Оның сыртында оқушылар мен студенттер онлайн оқу үрдісіне көшкелі жағдайдың тіптен қиындағанын ескерсек, осынау өзекті мәселені шешуіміз керек. Бұл мәселені редакция алқасының назарда ұстайтынын ескертеміз.

▲ МЕДИЦИНА

ЕМДЕУДІҢ жаңа тәсілі енгізілді

Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге отыз жылдан асты. Бұл — тарих үшін, әрине, қасқағым сәт. Ал елдің дамуы тұрғысынан алғанда ұзақ уақыт. Дегенмен, еліміздің медицина саласы аяқтан тұрып қана қоймай дамыды. Осы орайда Ақсу өңірінің медицинасы да жылдармен бірге өтіп, жемісті жетістіктерге жетті деуге болады.

Тәуелсіздік алған жылдары аудандық денсаулық сақтау саласында көптеген оң өзгерістер орын алды. Мәселен, тоқсаныншы жылдары аудан бойынша «Жедел жардем» көлігінің саны бесеу болса, 2004 — 2010 жылдарда тағы 26 көлікпен қамтамасыз етілді. Жыл соңында тағы 2 «Hyundai» санитарлық автотранспорты және 1 «IVECO» реанимобиль алынып, өңір тұрғындары үшін қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, 2000 жылы ауданға қарасты Сағабұйен, Арасан, Қона, Еңбек, Ащыбұлақ елді мекендеріндегі жабылып қалған медициналық ғимараттар қайтадан сатып алынып, ескі қосылты. Ма-тай, Суықсай ауылдық емханасы, Қазақстан, Сағакүрес, Ақтоған, Егінсу ауылдарында жанадан медициналық ғимараттар салынды. Қызылағаш дәрігерлік амбулаториясының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Аудандық орталық аурухана да күрделі жөндеуден өткізілді. Арасан, Жаңалық, Қаракөз, Сағабұйен, Көкжайдақ, Құрақас, Көшкентал дәрігерлік амбулаториялары, Қызылту, Кенжыра, Есесболатов, Ақсу, Ойтоған дәрігерлік амбулаториясы мен аудандық орталық емханаға да күрделі жөндеу жұмысы жасалды.

Ал 2008 жылы ауруханаға облыс көлемінде телемедицина аппаратура-сы қосылса, дәл осы жылы заман талабына сай жаңа үлгідегі медициналық құрал-жабдықтар алынып, нәтижесінде салмағы 500 — 1000 граммға дейін туған жеті бірдей шақалақ қатарға қосылды. Ауданға бірнеше жыл көлемінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 25 жас дәрігер, 43 орта буын маман келді. Дипломн бәрі де көтерме қаражат және тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді. Медицина қызметкерлерінің жұмысын жандандыру мақсатында мекемеге жана технологиялар жеткізілді. Бұл салаға бөлінер қаржы көлемі де арта түсті. Осының нәтижесінде, халыққа қызмет көрсету сапасы өсіп, әлеуметтік маңызы бар аурулар көрсеткіші төмендеді. Жылдан-жылға бала туу өсіп, өлім-жітім азайды. Аудан көлемінде жыл санап денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасы нығайтылып, арнайы бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Аудандық аурухананың бөлімшелері мен емхана кабинеттері, ауылдық емханалардың барлығы компьютермен жабдықталып, орталық ғаламторға қосылды. Сонымен қатар, техникалық база да жаңартылды. Науқастардың облыс және институт мамандарынан кеңес алуы үшін арнайы телемедицина жұмыс істейді. Емханада УДЗ, ФГДС тексерістері жүргізіліп, 1-17 жас аралығындағы балалар мен жүкті әйелдер, йод және темір тапшылығына қарсы дәрілер мемлекет тарапынан тегін беріліп келеді. Мұнымен қоса жүрек-қантамыры сырқаты бар науқастар үшін 50 пайыздық жеңілдікпен дәрілер беріледі. Жыл сайын 1— 17 жас аралындағы балалар, жүрек-қан-тамыр ауруымен ауыратындар, скринингтер өткізіліп отырады. Тағы бір тілге тиек естерлік дүние, орталық ауруханаға заманауи маммографиялық және флюорографиялық «AR-Mammo», 12ФК1 «Флюорком» рентген аппаратурасы, біраз құрылғылар алынып, орнатылды. Электрондық медициналық құжаттар бойынша емханада арнайы бұрыш ашылып, тұрғындарға «EGOV» порталын толықтай түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жоспарланған бағдарламамен медицина саласына бөлінген қаржы ауқымы жылдан-жылға көбейіп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

Ел ішіндегі коронавирустың өршуіне байланысты ауруханадан арнайы сүзгі ка-бинеті ашылды. Осы дерттен емделіп шыққан науқастар үшін күндізгі бөлімде бес науқасты оналтуға жағдай жасалды. Жана медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіліп, науқастарға барынша қызмет көрсетілуде.

Өздеріңіз жақсы білетіндей, елімізде денсаулық сақтаудың бірынғай ұлттық жүйесі енгізілді. Медицина қызметкерлерінің жалақысын көтерді. Мамандығын жетілдіруге жақын және алыс елдердің тәжірибесін игеруге мүмкіндіктер ашылды. Бүгінгі таңда аудан медицинасының жетістігі көп. COVID-19 пандемиясына байланысты медицина саласы және қызметкерлеріне қыруар қаржы бөлініп, ZOOM, Vebinar жүйесі арқылы тәжірибе алмасу өткізілуде.

Соңғы жылда елімізде енгізілген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша да ауданда біраз жұмыс атқарылуа.

МӘМС жүйесі — емделу мен ем жүргізу үшін тиімді тәсіл.

Осы себепті жылдар бойы қаржы тапшылығынан шешілмеген мәселелер мен медицина мекемелерінің материалдық мәселелері, халық денсаулығын жақсартудағы қолжетімсіз болған дүниелердің түйіні тарқатылды. Ауданда халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп отырған 41 мекеме бар. Оның ішінде: бір аудандық аурухана, екі ауылдық аурухана, 14 дәрігерлік амбулатория, 24 медициналық пункт жұмыс істейді. Өңір бойынша барлығы 195 тәуліктік стационар және 125 төсектік күндізгі стационар бар. Жалпы, аудандық ауруханада 738 адам қызмет етеді. Оның 73-і дәрігер, 351-і орта буын медбикелер. Ал, 2021 жылдың 27 қыркүйектегі 365-ші бұйрығымен аудандық ор-талық ауруханасының директорлық лауазымына Салтанат Мықтыбаева тағайындалды. Медицинада өзіндік қолтаңбасы, айрықша орны бар білікті дәрігердің басқаруымен аудандық аурухана одан әрі жандана берері сөзсіз.

Сәрби ӘЙТЕНОВА

Ақсу ауданы



ӨЗ ҰЛТЫН СЫЙЛА-
МАУ, ОНЫ МАҚТАНЫШ
ЕТПЕУ – САТҚЫНДЫҚ-
ТЫҢ БЕЛГІСІ. ӨЗИНІҢ
ҰЛТЫН СЫЙЛАМАҒАН
ҰЛТЫН МАҚТАНЫШ ТҰТА
ДА АЛМАЙДЫ. ҰЛТТЫҚ
МАҚТАНЫШ – СОЛ
ҰЛТТЫҢ АДАМЫ ҮШІН
ҚАСИЕТТІ ӘРІ БҰЗЫЛ-
МАС ЗАҢ.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

▲ ТӘЛІМ

Қазаққа орынсыз тағылған екі кінә

ҚАЗАҚҚА КӨШПЕНДІ, ЖАЛҚАУ ДЕП ОРЫНСЫЗ
ТАҒЫЛҒАН ЕКІ КІНӘ БАР. ЕКЕУІ ДЕ «ОТТАУИЗМ»,
ҚАЗАҚ ЕШ УАҚЫТТА КӨШПЕНДІ БОЛҒАН ЕМЕС,
ҚАЗАҚ – ОТЫРЫҚШЫ. ОЛ СЫҒАНДАР СЕКІЛДІ БІР
ЕЛДЕН ЕКІНШІ ЕЛГЕ КӨШІП ЖҮРГЕН ЖОҚ ҚОЙ. ӨЗ
ЖЕРІНДЕ МАЛДЫҢ ЫҢҒАЙЫНА ҚАРАЙ ЖАЗ ЖАЙ-
ЛАУЫНА, ҚЫС ҚЫСТАУЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАНДЫ
СЕНДЕР КӨШПЕНДІ ДЕП ОТТАП ЖҮРСІҢДЕР. БҰЛ –
ТАРИХ КЕШІРМЕЙТІН ҚАТЕЛІК.

▲ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Қазіргі таңда бала тәрбиесі
талқыға көп түсетін тақы-
рыптардың бірі. «Балам үйде,
қылығы түзде» деген сөз бе-
кер айтылмаса керек. Қазіргі
жастарды ғаламтор тәрбиелеп
жатыр десек қателеспейміз. Сал
жылаған 1 жасар бүлдіршінді
жұбату үшін қолына ұялы теле-
фонды беріп қоятын ата-анадан
не сұраймыз? Бұл заманнан ба,
әлде адамнан ба?! Оған себеп
олардың бейқамдығы ма, әлде
басқа ма?!



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰЛЫҚТАЛСА...

Бала тәрбиесіндегі ең алғашқы
ұстаз – ата-ана. Егер олар баланың тәр-
биесіне ерте жастан араласса, болашақ-
қа деген сенімі зор болар еді. Қазір шыр
ете қалған бүлдіршінің қолына смарт-
фонды ұстатып қоямыз. Ол – шындық.
Баланың көрген дүниесінде тәрбиелік
мән де, мағына да жоқ. Қазақ тіліндегі
мультфильмдерді менсінбейтіндері де
табылады. Оған себеп баланың талға-
мы ма, әлде қазақ аниматорларының
ізденбейтіндігі ме? Неге әлемге әйгілі
«Marvel» компаниясы сияқты жұмыс
істемеске? Өзіміздің атағы жер жарған
Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Ал-
памыс батырларымызды образға алып,
көлемді мультхикая түсірсеқ жақсы
болар еді. Ойдан шығарылған «Темір
адам», «Таңғажайып Халқ» дегеннен
гөрі «Дарабоз Қабанбай», «Қанжығалы
Бөгенбай», «Қағарман Алпамыс» деген
мультхикаялар түсіруге мүмкіндік бар.
Халықтың арасында аты шыққан ба-
тырларымызды дәріптейтін дүниелер
жасасақ, бізден кейінгі ұрпақ намыс-
шыл, рухты болары анық.

Бала көргенін істейді. Отбасында
тәрбиені теориямен емес, тәжірибе
арқылы беру керек. Балаңның алдына
кітап койып, өзін телефонмен отыр-
саң, баланың кітапты оқуы екіталай.
Отбасындағы басты мәселе – баланың
күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру. Жеке
басына қойылған талаптар мен міндет-
тер, үй тірлігіне араласуы, хоббиі, бос
уақытын дұрыс пайдалануына ата-ана
өз ықпалын тигізу керек. Олай болма-
ған жағдайда білімсіз, надан, талапсыз
жастар халықтың болашағына балта
шабады.

Бала тәрбиесіне назар аудармаған-
дықтан кейбір ата-аналардың өздері
зардап шегуде. Бұған бір себеп – ба-
лаға шектен тыс еркіндіктің берілуі.
Түзде жүрген ұл мен қыздың не істеп,
немен айналысып жүргені үйдегілерге
беймәлім. «Ол қайда кетті?», «Кіммен
жүр?», «Не істеп жүр?» деген сұрақтар-
ға кейбір ата-ана бастарын ауыртпай-
ды. Баласы үйге келгенде бір төбесін
көрсетіп қойса болды. Оларға сол да
жеткілікті. Кім білсін, ол бала сыртта
не тындырып жүргенін? Таңнан кешке
дейін ойын клубында болған шығар.

Мүмкін одан зорғысы – жат ортаға кіріп
кеткен болар. Қазір жасөспірімдердің
көбі атыс-шабыс ойындарға құмартып
кеткен. «Free Fire», «PUBG», «DOTA»
сынды ойындарды білмейтін мектеп
оқушылары жоқ-ау. Бұндай ойын тек
денсаулыққа ғана емес, қалыптасып
келе жатқан баланың психикасына
да кері әсерін тигізетіні айдан анық.
Ондай жағдайлардың болып жатқанын
жоққа шығара алмаймыз. Тіпті, құмар-
лықпен бейнеойындарға кіріп кеткен
санасыздар ата-анасын өлтіруге дейін
барған. Оған мысал, 2018 жылы наурыз
айында Алматы облысында өз анасын
аяусыз пышақтап өлтірген 17 жасар
бала. Деректерге сүйенсек, ол бала
анасын өлтіргеннен кейін компьютерлік
клубқа барып, құмары қанғанша ойын
ойнаған. Бұдан алған түйін, жай ғана
бейнеойын бір адамның шаңырағын
шайқалтып, тағдырын талқандады.

Кезінде балалар кемпір-шалдың
қолында тәрбиеленді емес пе? Қазіргі
жастардың ойынша, «кемпір-шалдың
қолында өсу – ынжық, жігерсіз қы-
лады». Бұл жаңсақ пікір. Бірақ әйгілі
ақын-жазушылардың, халық қалаулы-
ларының барлығы дерлік солардың
қолында тәрбиеленген. Ата-әженің
тәрбиесін көріп өскен ұл мен қыз зерек
болып өсетіні бәрімізге мәлім. Олар
туғаннан ертегі, жыр-дастандарды,
тарихты бойына сіңіріп өседі. Осын-
дай балалардан ел басқаратын тарихи
тұлғалар, халықтың қамын ойлайтын
азаматтар шығатыны айдан анық.

«Өкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап
қыз өсер» демекші, үйдегі ұл-қыздары-
на қазық тәрбие берген ата-ана бір
саты жоғары тұрмақ. Баланы жақсы
тәрбиелеп, өсіріп, жеткізу әке-шешенің
басты парызы. М. Жұмабаев: «Көркем
денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл
табатын ақылды болса, әдемі түрден
ләззат алып, жаны толқынарлық бол-
са, баланың дұрыс тәрбие алып, шын
адам болғандығы», – деп жазған екен.
Сонымен жас ұрпақты тәрбиеуідегі
ең негізгі міндет – ұлттық тұрғыда тәр-
биелеу. Солай істесек қана болашақта
нәтижесін көреміз.

Айғаным АЙТМҰХАН,
ЖУ-дің 3-курс студенті



Екінші, қазақ жалқау болса, мал
баға ма? Мал – оның өмір сүрудегі
ең негізгі көзі. Ол ғасырлар бойы өзін
ғана емес, көрші елдердің халқын да
етпен қамтамасыз етіп келді. Малды
өсіруі, егін салу, балықты аулау жал-
қаудың қолынан келе ме? Оны оңай
деп кім айта алады? Малдың бабын
табу, жаздық, күздік жайлауын, қыс-
тауын таңдау, қай жерге қалай жаю,
жейтін шөбін анықтау, ауырған мал-
ды емдеп жазу, айсыз, қараңғы түнде
жұлдыздарға қарап сапар шегу, қыран-
құс, тұлпар баптау, ауа райын болжау,
сырқатты емдеу, көкпар тарту, бәй-
ге, күрес, асық, аксүйек, тағы басқа
ойындарды ойлап табу дегенің білген
адамға жатқан ғылым. Оны игеру үшін
ақыл, тәжірибе, өте еңбеккер жандар-
дың толассыз ізденісі керек.

Қазақ көшпенді, жалқау деп хал-
қымыздың өмір сүру кәсібінен хаба-
ры жоқ, жеңіл ойлы ақымақ немесе
ұрпағымыздың жігерін жасығту үшін
қаскөй арамзаның айта салған санды-
рағы. Соны желөкпе, тайыз неменелер
іліп әкетіп, әлі күнге дейін жалаулатып
жүр. Әділетін айтшы, ғасырлар бойы
қазақты кім асырады, жаудан, даудан
кім қорғады? Білмесең біліп қой, ол
өзін-өзі асырады, өзін-өзі қорғады.
Бұл жалқаудың қолынан келе ме? Ең
құрығанда бір сәт байсалдық танытып,
ойласандар қайтеді?

Бұрын бүгінгідей газ, электр қуа-
ты, мұнай, көмір болған емес. Алты
ай қыстан қысылмай шығу үшін төрт
түлік малға қора-жай, шөп, отбасына
отын дайындаған, малдың қиынан те-
зек жасауды ойлап тапқан, төрт түлік-
тің сүтінен айран, шұбат, қымыз, қай-
мақ, сары май, құрт, ірімшік, жент әзір-

ленген. Мұның бәрі асыл тағамдар. Біздің
бабаларымыздың ірі, ақылды, алғыр, тап-
қыр, табанды, батыл, денсаулықтарының
мықты болуының бір себебі осы ішіп-же-
ген тағамына да байланысты.

Өзің таразылашы, қазақ жалқау бол-
са, осыншама жердің иесі атанар ма еді,
осыншама данышпандарды тәрбиелеп,
өсірер ме еді? Бүкіл түркі елінің қараша-
ңырағы бола алар ма еді? Мұны айтқанда
басқаларға мақтанғандай көрінуім мүм-
кін. Сен, қарағым, дұрыс түсін, мұны мен
мақтану үшін емес, қазақтың сан алуан
қасиетіне көзім жеткеннен кейін айтып
отырмын. Бір ғана мысал, Мұхаммед пай-
ғамбарымыздың елінде жоқ қасиет қазақ-
та бар. Ол жақта емшек ембеді деп ағасы-
ның ұлы інісінің қызына үйлене береді.
Қазақ екі жастың жеті атаға жетпей тір-
мыс құруына қатаң тиым салған. Тиым са-
луга ақыл-парасат, еңбек керек пе? Керек.
Ақыл-парасат еңбек еткен адамда ғана бо-
лады, жалқауда ақыл-парасат болмайды.

Мысалы, мен миллиардтаған доллары
барларды байлар демеймін. Оған аузым
бармайды. Олар – ұрылар. Ұрлықпен жи-
наған ақшаларының, дүниелерінің ішінде
жүздеген адамның көз жасы, қарғысы, өкі-
ніші, мыңдаған бала-шағаның өксігі бар.

Америка ғалымдарының байлар жал-
ған сөйлейді, жиі жағымпазданады деген-
дері бекер, олар ешқашан жағынбайды.
Олар бұйырады.

Шындыққа көз жеткізу үшін әуелі бай
деген сөздің мағынасын түсінуіміз керек.
Мен әр сөздің мағынасына мән беретін
адаммын.

Қазақта «Бермесе де бай жақсы, же-
месе де май жақсы» деген мақал бар. Бай
деген жалпы жақсы сөз. Қатындар ерке-
гін байым дейді. Ол – өмірінің, шаңыра-
ғының байлығы. Әркімнен тартып, не өл-

тіріп жинаған дүниесі көп адамдарды қа-
зақ арамтамақтар, алаяқтар, ұрлықшылар,
қанішерлер, қаныпезерлер дейді. Олар
байлардың қатарына жатпайды. Байлық-
ты зорлық-зомбылықпен жинағандардың
айтатын сөзі де, адамдармен қарым-қаты-
насы да жалған. Олар күні үшін әйелін де,
қызын да, тіпті, әке-шешесін де құрбан-
дыққа шалып жіберуге дайын. Арамнан
дүние жинағандардың бәрі, біріншіден,
мәңгілік қорқақ, екіншіден, мәңгілік өті-
рікші, өле-өлгенше жағымпаз, өле-өл-
генше лағнет аркалап жүреді. Бұл менің
арамнан жинаған байлық туралы бала кез-
зімнен қалыптасқан түйсігім.

Ерте кезде қазақтың байлары қа-
рауындағы адамдардың қарынын аш,
үсті-басын жалаңаш еткен емес. Кедей-
лерінің ішетін тамағы, киімі жеткілікті,
алдарында малы болды. Бала-шағасының
бәрін жұмыспен қамтамасыз етті.

Әрине, олардың ішінде де арамдық-
пен дүние жинағандары кездесті. Қа-
рауындағыларға тамақтан басқа ешнәрсе
бермей, киім әпермей, әйтеуір өлмесең
болды деп қинаған, қорлаған ақымақтар
да ұшырасты. Олар – байлар емес, қарақ-
шылар, халықты қан қаксатушылар.

Ақылды байлар жылағанды жұбатқан,
жан-жағындағы адамдарға жағдай жасап,
өтірік айтуды да, жағынуды да білмеген.
Арамнан жинаған миллионерлер, мил-
лиордерлер өмір мәңгі қорқақтар, өмір
мәңгі өтірікшілер және жағымпаздар.
Оны мен де, сен де, ол да – бәріміз жақ-
сы білеміз. Өтіріктен, арамнан жиналған
дүниенің ешуақытта берекесі болмайды.
Оның иесі ешбір адаммен, тіпті, өзінің
қатын, бала-шағасымен де дұрыс өмір
сүре алмайды.

(«Мен – халқымның
Бауыржанымын» кітабынан)

○ БІЛЕР СӨЗІ ○



АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АТЫМТАЙ

Ертеде кедей-кепшікке, жетім-жесірге барынша
көмек көрсетуімен, қайырымдылығымен аты шыққан
Атымтай деген адам болған екен. Әйтеуір тұрмыстан
қағажу көріп киер киімге, ішер асқа жарымай келген
жарлы-жақыбайлардан барын аямай риза етіп жіберетін
көрінеді. Сол себепті «Атымтай жомарт» атанып, ел
арасына атағы кең тарапты.

Туған ағасы бір күні шешесіне келіп:
– Атымтайдың жомарт деген атағы елге әйгілі бол-
ды. Мен де жомартпын, менің атым неге шықпайды?
– деген екен.

Сонда анасы:
– Атымтай туа жомарт болды, – депті. – Қос емше-
гімнің даңқының ел арасына тарағанына қызғаныштан
оның іші күйеді. «Қалай бұл менен асып кетеді? Егер
оның көзі жойылса, менің атым шықпағанда кімдікі
шығады?», – деген ой жанын жегідей жейді. Ақыры
Атымтайды құртудың жолын іздегіріп, сол елдегі бау-
кеспе ұры, қанішер біреуді шақырып алып, жомартты
өлтіру үшін тапсырма береді.

ЖАНЫНА ДА ЖОМАРТ

Сол заманда тағы бір жомарт патша болыпты. Атым-
тайдың даңқының ел арасына тарағанына қызғаныштан
оның іші күйеді. «Қалай бұл менен асып кетеді? Егер
оның көзі жойылса, менің атым шықпағанда кімдікі
шығады?», – деген ой жанын жегідей жейді. Ақыры
Атымтайды құртудың жолын іздегіріп, сол елдегі бау-
кеспе ұры, қанішер біреуді шақырып алып, жомартты
өлтіру үшін тапсырма береді.

рып, орнынан тұрған кезде үй иесі сабырмен:

– Сенің іздеп келген Атымтай жомартың менмін.
Құлдағыңа әзірмін, патшады риза ет те сыйлығыңды
ал, – деп қонағына басын тосады.

Сасып қалған қонағы шошынып:
– Қойыңыз, бұл неткеніңіз? ... Япырмай, қандай мәрт
адам едіңіз? ... Айып менде, – деп кешірім сұрап, еліне
қайтып кетеді. Оралысымен патша алдына келіп болған
жайды бастан-аяқ баяндайды. Сонда жомарт патша
отырып:

– Бұл не деген ғажап жан! Адам мал мен мүлікке,
дүниеге жомарт болушы еді. Атымтай өз жанына да жо-
март, сірә, мұнымен таласуға болмас, – депті.

ӨЛІП ЖАТСА ДА...

Қайырым, қамқорлыққа келгенде Атымтай жо-
марттың орны оқшау тұрлады екен. Ол дүние салғанда де-
несін биік таудың басына апарып жерлепті. Мазарының
қасына екі хауыз жасап, оған айнала шаштарын жайып
отырған қыздардың бейнесі қашалған тастар қойылпты.

Осы таудың етегінен өзен ағып жатады. Ары-бері
өткен жолаушылар сол өзен жағасына түней қалса таң
атқанша айқай-шудан құлақтарына дамыл болмайды
екен. Азанда қараса, шашын жайып отырған қыздардың
тас мүсіндерінен басқа дәнеңе де жоқ.

Бір күні химьяттардың патшасы Зілқара бірнеше
әскерімен және адамдармен осы маңға келіп түнейді.
Енді жайғаса бергенде әлгі қыздардың айқай-шуын
естіп: «Тау басында болып жатқан бұл қандай даңғаз?»
– дейді қасындағыларға.

Әлгілердің білетіндері: «Ол жерде Атымтай жо-
марттың мазары бар. Ондағы хауыздың жағасы толған
шашын жайып отырған қыздардың тас мүсіндері. Бұл
маңға түнегендердің сол қыздардың айқай-шуынан құ-
лағы тұнады екен», – дейді патшаға.

Атымтай жомарт, еңдесе саған біз бүгін мейман-
быз, мырзалығыңды көрсетші, қәне, – дейді патша.
Содан кейін патша қалғып отырып ұйыққа кетеді.
Таң алдында кенет шошып ояңған ол: «О, адамдар, бері
келіңдер! Мына менің түйеме не болып жатыр, қараңдар-
шы», – дейді. Оянып кеткен нөкерлері тыпырлап жатқан
түйені табанда бауыздап жібереді. Етін асып, бәрі қарық
болып қалады.

Тамақтанғанынан кейін әлгі кісілер патшасынан не
болғанын сұрайды.
– Көзім ілініп кеткен екен, түсімде Атымтай жомарт
қылышын жалаңдатып қасыма жетіп келді де: «Қолың
түсіп келіп қалған екенсің, саған беретін малдың

ыңғайы болмай тұр», – деп түйемді желкесінен бір-ақ
шапты. Сендер бауыздауға үлгермегенде бұл түйе арам
өлетін еді, – дейді патша.

Таң атқан соң Зілқара патша жолдастарының бірінің
түйесіне мініп келе жатады. Түс мезгілінде өзі бір түйе-
де, жетегінде тағы бір түйесі бар жолаушыға кездеседі.
– Қайдан жүрген адамсың? – дейді бұлар оған.

– Мен Атымтай жомарттың баласы Әді болам.
Сіздерден сұрайын дегенім, химьяттардың патшасы
Зілқара деген кісі қайсысың? – дейді.

– Мына кісі болады, – дейді көптің бірі патшасын
нұсқап көрсетіп.

– Еңдеше мына түйеге мініңіз. Сіздің түйеңізді әкем
өздеріңізге сойып берген екен, – дейді Әді.

– Оны қайдан білдің, – деді Зілқара патша.

– Өкем түнде ұйқыда жатқанымда түсіме енді.
«Балам, химьяттардың патшасы Зілқара қонақасы
талап етті. Ештенгенін ыңғайы болмаған соң өз түйесін
өзіне сойып бердім. Соның ессесіне осы түйені апарып
мінгіз, көңілі риза боп кетсін, өлген адамның бұдан ар-
тыққа шамасы келмейді», – деп аяң берді. Әкемнің сол
тапсырмасын орындап тұрмын, – деп жетегіндегі түйені
көлденен тартты.

Зілқара патша Әді әкелген түйеге мініп, басын шай-
қап тұрып: «Атымтай, өліп жатсаң да жомарттығыңнан
кол үзбеген екенсің ғой», – деген екен.

...деген екен!

ДЕМАЛЫП ЖАТҚАН БУҚА...

Журналист Жанат Дүкенбаевтың Қапалдың аудан-
дық газетінде білдей редактор кезі. Бір күні аупартком-
ның идеология хатшысы оны суыт шақыртады.

Кабинетке кірген Жәкеңе сұсынан адам шошитын
хатшы әйел:

– Мынау не? – дейді газетті нұсқап.

– Бұл өзіміздің аудандық газет қой, – деген ре-
дактор өздері «асыл тұқымды, етті бұқа» деп дабы-
ртайған суреттің төңкеріліп берілгенін көріп қалады.
Байғұс жануардың төрт аяғы көктен келіп жатыр...

– Газет екенін мен де білемін, мына суретке не
болған деп тұрмын? – дейді аупартком хатшысы зы-
ғырданы қайнап.

– Ө, бұл демалып жатқан бұқа ғой, – депті хат-
шының зіркілдегеніне абыржы қоймаған Жәкең.

▲ КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

Бүлінген Тағдырлар

Үй-күйі жоқ, көше жағалап кез келген жерге түнеп жүрген жандарды көрсен жаның ауырады-ақ. «Қалайша мұндай күйге түсті екен? Оған себеп болған қандай жағдай?» деген ауыр сұрақ көкейіңді тігілейді. Бір уақыт ол адамның орнына өзіңді қойып көресің. Бірақ, мұндай тұмыр кешу сен үшін жат нәрсе екенін түсінесің. Жаның ашып, басын сүйеп, демеп қамқорлық көрсеткің келеді. Оның да мүмкін еместігіне көз жеткізесің. Дегенмен, мемлекет тарапынан мұндай жандарға қолдау көрсететін орталықтар бар. Соның бірі – Талдықорған қаласындағы өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы.

Алма ЕСЕНБАЙ

Жалпы орталық 150 адамға арналған. Қазір 90 адам уақытша паналауда. Одан бөлек 15 орынды түнгі уақытта келу орны бар. Онда адамдар бір түнеп шығады. Демек, кешкі сағат 6-дан таңғы 9-ға дейін осы орталыққа жата алады. Тұрақты үйі, баратын жері жоқ адамдар өз өтініштері бойынша бұл жерде қалауынша тұрады. Ол кісілерге уақытша жататын орын беріледі, киім, тамақпен қамтамасыз етіледі. Мұндағы медицина қызметкерлері мен тазалықшылар жуындырып, қырындырып, дәрігерлік тексеруден өткізеді. Қажетті дәрі-дәрмектерін береді. Тілінген, көгерген, ісінген жерлері бар адамдарға дәрі жағып, жаракатын таңады. Дәрілерін уақытылы ішуін медбикелер қадағалап отырады.

Бұдан басқа да заңгер, психолог, әлеуметтік қызметкерлер өз салалары бойынша қызмет көрсетеді. Бұл орталыққа келген адамдардың көп жағдайда құжаттары жоқ болып жатады. Заңгер төлқұжаттарын іздеу, қайта жасату жұмыстарымен айналысады. Кейбір адамдардың төлқұжаты сонау кеңес өкіметінен бері ауыстырылмаған, сол адамдарға ЖСН алып, қажетті қағаздарын реттейді. Қазіргі таңда мұнда жатқан 90 адамның 44-інің құжаттары жасалуда.

– Бұл орталықта үлкен кісілер көп. Ер-азаматтар да, әйел адамдар да бар. Қарттар кейде тұра алмай, жүре алмай қалады. Осындағы қызметкерлер оларға көмектесіп, қолтығынан демеп, барынша қамқор болуға тырысады. Сондықтан да болар, осыннан пана тауып, отбасындай көріп қайта оралып келіп жатады. Әсіресе,



Суреті түсірген Асман ҚАЖЕКЕ

қыс мезгілінде бұл жерде тұрақты түрде паналайтындар бар. Бірнеше жыл бойы осында тұрып жатқандар да кездеседі. Адамдар әртүрлі жағдаймен, тағдырмен түседі. Дені – ішімдікке салынғандар. Отбасы бас тартқан, бас бостандығынан айырылып, түрмеде болып келген адамдар, басқа мемлекеттен көшіп келіп, құжатсыз қалған азаматтар да бар.

Бұл кісілер өте сезімтал. Олармен жұмыс істегенде жан дүниесін түсіну керек. Жан-жақты қолдау көрсету қажет. Осы ретте психологқа үлкен жүк артылады. Ішімдікке салынған адамдармен жеке жұмыс жүргізіп, соның нәтижесін де көріп жатады. Оларды өмірге қайта оралтып жұмысқа тұрғызып, мейлінше қолдау көрсетеміз. Ал, ішімдік ішетін адамды жұмысқа тұрғызу қиын. Өйткені, олар тәртіпке көнбей кетіп қалып жатады, – деді бізбен әңгімесінде орталық директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Болат Нұрбақыт.

Орталыққа жүріп түзеліп, өмірін дұрыс арнаға бағыттаған жандар да бар екен. Мәселен, құжатсыз қалған 30 жас шамасындағы жігіт осыннан көмек алып, өмірлік көзқарасын түзеткен соң жұмысқа орналасып, өз күнін өзі көріп кеткен. Оның сантехника жасауға қабілеті болған. Мұны байқаған орталық қызметкерлері оны оқытып, жұмысқа тұрғызған. Қазір сантехник болып қызмет істеуде.

Орталық көмегіне мүгедек әйел де жүгінген. Ол мылқау, сөйлей алмайды, тек ымдап ғана ұғынысады. Оны осында күйеубаласы мен қызы әкеліп қалдырып кеткен. Өркімнің өз өмірі бар дегендей, бұл кісінің ақыл-ес

кемістігі бар, III топ мүгедегі болғандықтан отбасындағыларға қарау қиын болған шығар. Орталық бұл жанға да сүйеу болып, Талдықорған қалалық жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен «Алпамыс» қоғамдық бірлестігіне тігіншілік жұмысқа орналастырды.

– Біз есіктен кірген әрбір адамның тағдырына бейжай қарамаймыз. Қолдан келген көмегімізді жасаймыз. Отбасына оралса екен деп туыстарына іздеу саламыз. Бірақ, туыстары табылған жағдайда да ешбірі алып кеткен емес.

Көп адамдар бізге келгенде адам шошырлық жағдайда болады. Жуындырып, шайындырып, киіндіріп, емдеген соң түрлері танымастай өзгеріп шыға келеді. Үлкен кісілердің көбі кітап оқиды. Тоғызқұмалақ, дойбы ойнайды. Мәдени іс-шаралар өтіп тұрады. Жарыстар ұйымдастырылып, сый-сияпат беріледі.

Алғаш түскен уақытта адамдардың өзгеруге аса құлшынысы болмайды. Екі-үш ай, тіпті бір-екі жыл өткен соң ғана өзгеріс пайда болады. Бастапқыда сол үйренішті өмірінен бас тарта алмай қашып кетіп жүреді. Үй-күйі жоқ, ішімдікке салынған жандар қоғамға ақтарып жүріп әртүрлі заттар, тіпті алтын, ақша тауып алатын

Шарасыздан орталықты паналап жатқан жандардың жай-күйі осындай. Олардың қазір жатар жері жылы, тамағы тоқ болғанымен ертеңгі күнге деген үміті аз. Тағдырын өз қолымен бұлдірген, отбасы бас тартқан жандардың ертеңгі баратын жері Қарттар үйі. Онда да отбасы жылуын емес, өздеріне бөтен жандардың қамқорлығын сезінеді. Мемлекеттік мекеме қанша жайылып жастық, іліп төсек болғанымен өз үйіндей, балаларындай қайдан болсын?! Ертеңгі күніміз осындай болмас үшін бүгіннен болашағымызды, қамсыз қарттығымызды ойлаған абзал.

кездері болады. Тағы да тауып алам деп ойлай ма екен, кетіп қалады. Содан біраз уақыт өткенде қайта келеді. Жататын орнын, төсегін, осында берілетін ыстық тамақты сағына ма деймін.

Бұл орталықты туған үйіндей көретіндер де бар. Мәселен, Кенжебай Қошкенов деген кісінің мұнда жатқанына 5-6 жыл болды. Ішімдікке салынып кеткендіктен отбасы бас тартқан. Туған әпкесі, ағасы бар. Олар да қабылдамады. Бізде жатқан осы жылдар ішінде толықтай оңалту кезеңдерінен өтті. Ішімдіктен мүлде тыйылды, спортпен де шұғылданып жүр. Көшеге де сұранбайды.

Женя Хасанов деген кісі бар. Ауыр қылмыс жасап, түрмеге жатып шыққан. Оның да осында тұрақтанғанына алты-жеті жылдың жүзі болды. Құжаттарын жасап, көмектестік. Қазір тәртібі жақсы, ішімдік ішпейді, бұрынырақта барып-келіп жұмыс істеп жүретін. Қазір зейнеттік жасқа келді. Осы жерді паналап жатыр.

Юрий деген жігітіміз бар. Осында келіп, кейде қашып кетіп жүретін. Бірде оны «Дәулет» базары жанынан кездестіріп, жүздеп-жазаған түрін көріп ертіп келдім. «Енді кетсең мүлде әкелмейміз, далада қаласың» – дедім. Сыртта түнеп, аштықты көрген адам болғандықтан панасыз қалам деп қорыққан болу керек. Содан бері бірнеше ай өтті, қашқан жоқ, – деді осында әлеуметтік психолог болып қызмет атқаратын Зейнегүл Малаева.

Орталықтағы адамдармен де тілдесудің сәті түсті. 61 жастағы Рысдәулет Қошанов:

– Бұл орталықта жатқаныма бес жыл болды. Көзім көрмей қалған еді. Мұндағы дәрігерлер ота жасап, көзімді ашты. Қарнымыз тоқ, төрт уақыт тамақ ішеміз. Моңша бар. Одан артық адамға не қажет? Әйеліммен айырылсаңыма отыз жылдан асып кетті.

– Ажырасуыңызға не себеп болды? – Өмір ғой. Ішіп кеттім. Ол кезде жас болдым. Ертеңімді ойламадым. Қазір қартайдым. Екі қызым бар. Олармен араласпаймын. Кішкентай кездерінде қалды ғой. Енді не деп іздеп барамын?..

Аралат Пальман:

– Сарқандағы балалар үйінде тәрбиеленгенмін. Құжаттарымнан айырылып қалдым. Барар жерім болмай осында келдім. Өткен жылы төлқұжатымды жасатып берді. Бұл орталықты паналап жатқаным бір жарым жыл болды. Үй-күйім болмаған соң отбасын құрмадым. Бұл жер көңілімізден шығады. Әйтпесе дала кезіп, көшеде түнеп жүрміз. Ол өмірмен бұл жердегі күнімізді салыстыруға мүлде келмейді. Мұнда барлық жағдай жасалған.

▲ ОЙМАЗДАК

Ұлы Даланы ме-кен еткен текті ұлттың ұрпағымыз. Қазақы қанымызға біткен қайсарлық, қайырымдылық, жомарттық сынды қасиеттер арқылы жер жаһанға атақ-даңқымыз тарады. Тәрбиесі құрсақтан басталып, тәлімі бесікпен берілетін ұлдан ұлылық, қыздан сұлулық ажырамады. Салт-дәстүрді санасына берік бекіткен адамнан тараған ұрпақ ел тізгінін берік ұстап, ата тапсырған аманатқа қиянат келтірмей, келер ұрпаққа мирас етті. Айрандай ұйыған елге сұқтанушылар қатары күрт артып, ұлтымыздың қадыр-қасиетін түп-тамырымен жою үшін сансыз әрекеттер жасалды.



«НӘМ-НӘМ» мен «БАБАЙ»-дан ҚАШАН АРЫЛАМЫЗ?

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жоңғар шапқыншылығынан тарқатып, Ресейдегі бодандықты мысалға келтірсек, идеологиялық тұрғыдан қазақ халқы өте көп қиянат көрді. Құдайсыз қоғамды бастан өткеріп, тілі жанышылып, ділі ойрандалды. Ана тілін ары санайтын ұлт саяси дүрбелең кезінде біраз нәрседен айырылып қалды. Оның бәрін санамалап отыру санаға салмақ салса, көрген қиянат іштегі назды қозғайды.

Жа, өткенді ысырып бүгінге оралайық. «Ел болам десең бесігіңді түзе» демекші, ертеңін ойлаған әрбір адам барлығын баласынан бастау керек. Кеңестік кезеңнің қыспағын көрген кейбіреуіміз егеменді елде тұрсақ та біраз нәрседен қателесіп жүрміз. Қазба байлықсыз аралды тұрақ қылған жапондар ғылым, білімі арқылы айды аспанға шығарды. Дамыған елдердің көшіп бастайтын мемлекетке қызықпайтын жан жоқ. Міне, солар, біз сөз еткендей, бәрін бала тәрбиесінен бастайды.

Мына қызыққа қараңыз, ол жақта баланың аяғынан бұрын тілі шығады екен. Мұның күрделі бір формуласы жоқ, қарапайым ғана жаңадан туған баламен ересек адамша сөйлеседі. Мейлі, ол түсінсін, түсінбесін, солай жасайды. Әрдайым осындай қарым-қатынаста болған баланың тілі де ерте шығып, өмірге жылдам бейімделеді. Әлеуметтік желіде тараған үшемнің бейнеуізін көрмеген жан қалмаған шығар. Тамақ ішу, ойнау, дәретханаға кіріп-шығып, ұйықтауға әзірленуі кей ересек адамдардың қолынан келе бермейді.

Ал, бізде қалай? Тілі шығып келе жатқан балаға «Нәм-нәм жейсің бе?», «Пішә, боқа бар ма?», «Ұй-піш дейсің бе?», «Вым-вымға барасың ба?» дейтін сөздерді қарша боратамыз. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, алайда көп отбасыда осылай. Одан қалса «Аю, бабаймен» қорқытып тамақ беріп, осы сөздермен үрейлендіріп ұйықтатамыз. Қонақ келсе, дымын шығармай басқа бөлмеге қамап, бірдене айтқысы келсе жекіп, жасытып тастаймыз. Ондай баланың тілі кеш шығып, тіпті, әріптердің өзін дұрыс айта алмай кейін логопед іздеп шарқ ұрамыз.

Алысқа бармай-ақ көрші орыс ұлтының отбасына қарап көріңізші. Ойын алаңқа-йында, қоғамдық көлікте, балабақша, мектепте балаларына таза сөйлеп, ересек адамдарша қарым-қатынас жасайды. Жылап қалса себебін анықтап, дұрыс емес нәрсені түбегейлі түсіндіреді. Бізгегі ата-аналардың «Үңдің шығарма!», «Бас аяғыңды!», «Іш атауыңды!», «Соранды ағызба!» дейтін ұрыстарын естіп жаға ұстайсың.

— ФИБРАТ —



АНАНЫҢ КӨНІЛ БАЛАДА

Үнемі дәмді тамағымен үй ішін қуантатын ана, арнайы ас әзірлеп ұлы мен келінін қонаққа шақырады. Олармен бірге отбасының ескі бір досы да шақырылады. Қонақтар дастарқан басына жайғасқан соң, алдыларына тамақ қойылады. Барлығы тамақтан дәм тата бастайды. Дәмі бұрынғы тамақтарға мүлде ұқсамайды. Керісінше, өте ашы, әрең жейсің. Тамақтан күйген иіс шығады. Оның үстіне еті де шикі пісірілген. Қонақтар не істерін білмей, отырып қалады. Бірақ үй иесінің көңілін түсірмеу үшін ештеңе болмағандай түрткілеп отыра береді. Тамақтан соң, баласы мен келіні ата-анасымен қоштасып үйіне қайтады. Оңаша қалған кезде әлгі досы үйдің ханымынан:

Біздің араласып жүргенімізге біраз уақыттың жүзі болды. Сенің керемет аспаз екеніңді білемін. Шыныңды айтшы, бүгінгі асыңа не болған?! Ауырып қалдың ба, әлде бір нәрселер мазалап тұр ма? – деп сұрайды. Әйел аз ғана езу тартты да былай жауап берді:

– Жо-жоқ, еш нәрсе де болған жоқ. Әдейі солай жасадым. Балам қайта-қайта анасының тамағын мақтап әйелінің есін шығармай, тату-тәтті өмір сүруі үшін осылай істеуіме тура келді.

АЛҒЫСТЫ ДӘМЕТУ

Бір ауылда даналығымен танымал қария тұрыпты. Оған ақыл-кеңес сұрау үшін көрші ауылдардан да адамдар келеді екен. Күндердің бір күні әлгі қарияға көрші ауылдан бір кісі келіп:

– Сіздің атыңызды естісек риза болып отырамыз. Алдыңызда қарыздар екеніміз де рас. Осы беделіңізді ескере отырып, үйге арнайы қонаққа шақырғалы келдім, – дейді.

Қария қарсы болмай, шақырған жерге қамданады. Әлгі үйге барғанда, жайнап тұрған дастарқанға тап болады. Дайындалған астың түрлі-түрлісін жеген қария тойғаннан соң, орнынан тұруға ыңғайлана бергенде, үйдің иесі таңырқаған кейіппен:

– Оу, ақсақал! Мен сізге арнайы дастарқан жайдым. Маған ешқандай айтар алғысыңыз жоқ па? – дейді.

Қария: – Сіз дәм татыңыз деп шақырып едіңіз ғой. Алғыс айтуға шақырғаныңызды білмейді екем, – деп үйден шығып кете барады.

Мұндай жауапты күтпеген үй иесі қариядан өш алмақ болады. Оған қайткен күнде де алғыс айтқызармын деп бекінеді.

Күндердің бір күні жаңбыр қатты жауып тұрғанда әлгі қария үйге кіріп келіп:

– Далада қатты жаңбыр жауып тұр. Маған қолшатырыңызды бере тұрасыз ба? – дейді. Үй иесі сәті түскен мүмкіндікке қуанып, сыпайы түрде, қарияға шатырын ұстатып жібереді. Осы жолы міндетті түрде алғысын аламын деп ойлайды. Бірақ қария қолшатырды өзі әкелмей, шәкіртінен беріп жібереді. Шәкірті де ұстазы сияқты еш алғыс айтпай қолшатырды ұстатып кете беріпті.

Араға бірнеше күн салып қариямен бір үйде дастарқандас болып қалады. Мәселені шешетін уақыт келді-ау деп әңгімені бастайды:

– Өткен күні қатты жаңбыр жауғанда, судың астында қалып, сырқаттанып қалмадыңыз ба? – Жок, аурудан аманмын. Қолшатырыңызды

шәкіртімнен беріп жіберген едім ғой, алған боларсыз?

– Иә, алдым. Ұмытпай жібергеніңізге рахмет, – деді де қарияның орнына өзі алғыс айтып отырғанын байқап ашуланады. Қария оның бетіне қарап күлімсіреп отыра береді. Олар ең шыдамдай әлгі кісі орнынан атып тұрып:

– Оу, қария! Сізді де дана дейді-ау ел! Көргенсіз екенсің! Жасаған осыншама жақсылығыма кем дегенде бір рахметіңізді айтсаңыз неңіз кетеді? – дегенде қария байыппен, былай жауап қайырған екен:

– Мен сізге деген алғысым мен ризашылығымды ұдайы ішімнен айтып, жақсылығыңызды ұмытқан емеспін. Егер де адам жасаған жақсылығы үшін алғыс дәмәтетін болса, жасағаны шынайы жақсылық болмайды. Сіз жақсылықтың ақысына елдің ризашылығын не болмаса алғысын алам деп дәмәтпеуіңіз керек. Жақсылық жасаған кезіңіздегі қуаныш сіз үшін жеткілікті болуы керек. Жақсылықтың негізі – осы. Егер де ақысын күтетін болсаңыз, тек қана өз-өзіңізді алдаған боласыз. Адамдардың болмысы мақтан сүйгіш әрі менмендеу келеді. Жақсылықты жеке өзіңіздің мақсатыңызға сүйеніп жасағанды, қателесесіз. Егер де еш алғыс дәмәтпей адамдарға жақсылығы тиесе болғаны деп жасағанды ешкімнен ешқашан көңіліңіз қалмайды.

ЖЕҢІЛДІК

Аяқкиім дүкеніне келген тауарларын сөрелерге орналастырып жатқан дүкеншінің ісін көшеде бір бала сырттай бақылап тұрды. Жазғы демалыс тап қалғандықтан, спорт аяқкиімдеріне сұраныс көп еді. Олардың ең әлемдерін жұртшылық назарына түссін деп орналастырып жатқанда, дүкеншінің көзі балдаққа сүйеніп тұрған балаға түсті. Байқап қараса, оның сол аяғының тізесінен төмен шолақ екен. Бала аяқкиімдерге қызыға қарап тұр.

Сатушының оны байқап қойғанын сезіп, бұрылып кете бермекші еді, дүкенші сыртқа жүгіріп шықты.

– Балақай, аяқкиім алмақшы ма едің? Биылғы аяқ киімдер өте әдемі, байқадың ба? – деді. Бала оған:

– Иә, шынында, өте әдемі екен, – деп жауап қатты. – Бірақ, менің бір аяғым туғалы кеміс. Оның үстіне бағасы 30 доллар. Оны алуға ақшам жетпейді.



▲ РУХАНИЯТ



Саналы ғұмырын
өнермен өрнектеп
келе жатқан
Болысбек пен Әлия-
ны Қарадала өңі-
рінде танымайтын
адам кемде-кем.
Қос аққудай жұбы
жазылмай өнер сах-
насында бірге жүзіп
келе жатқан өнер-
лі отбасының алар
асуы әлі алда.

ҚАРАДАЛА ҚАРЛЫҒАШЫ

Ұйғыр ауданында алғаш рет «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі атағы «Қарадала» халық театрының көркемдік жетекшісі Әлия Жанбаеваға бұйырды. Шынында да Әлия Әбілезқызы бүгінгі заманға сай білікті өнерпаз, әнші, күйші. Сонымен қатар, керемет асаба. Туған жеріне ту тіккен аяулы жан ұзақ жылдардан бері қазақтың небір інжу-маржандарын іріктеп, көкірегі ояу көрерменнің олжасына айналдыру жолында сүбелі еңбек етіп келеді.

Әлия Жанбаева 1967 жылы 16 қарашада Сұңқар ауылында дүниеге келген. 1975 жылы аталмыш ауылдағы Сұңқар орта мек-

▲ КӨКЕЙТЕСТІ

XIX ғасырдың ортасында әдебиет әлемінде есімін әйгілеген Лев Толстой: «Том-том шығармаларымның бақытын ашқан орыс тілі. Ұлы еліміңіз сөз қазынасы бай болған соң өндіріп жаздым», – депті-мыс. Мұны «Әрбір сөзіміз мәтел түзу керек» деген Есениннің тағылымы толықтырады. Әлем әдебиетіндегі жауһар тіркестерді «Өлеңге келер жолда» атты естелік кітабында қамтыған Мұзафар Әлімбаевтың терсіңді еңбегінен енші бөлгендей, орыстың тұлғалары ойын айшықтағанымызбен, XX ғасырдың ортасында тіл үшін орыс ғалымдары дабыл қақты. «Ну, ладно» деп басталып, әрбір сөзі «Ну»-мен жалғасатын сөйлеу мәдениетіне алаңдаушылық білдірді.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Іргелес елдің зиялыларын алаңдатқан жайтты қара сөзінің қадірі қаша бастаған қазақ елі де бастан өткеруде. Тіл қату мәдениеті күрт өзгеріске ұшырады. Тілді шұбарлап сөйлей бастадық. Бұл дерт қалалықтар тұрмақ ауылдағы ағайынның арасында да асқынған сипатта.

Асқар таудай екені «батя, папа, пахан», айдың көл ананы «мама, мамка», аға-бауырды «брат, братишка» деп атаудың өзі жоғарыдағы ойымызға дәлел. Бір ғана «Ну» деген қаратпа сөзі арқылы тілдік мәдениеті төменгі деңгейге жетті деп ұлардай шулаған орыс елінің ұлттық сезімі, тілге деген жанышырлығы осы жерде өзінен өзі айқындалып тұр. Бұл ретте сол елдің кірме сөзін күнделікті өмір салтына сүйеу етіп, ет жақынына орысша шүдірлеп жүрген мазақ азаматтарының жайы баршамызға ортақ дерт екені айтпаса да түсінікті.

Сөйлеу мәдениеті тұрғысында кім қаншалықты толғанып, қаншалықты ойланғып жүргені әр көкейде бұғып жатқан жұмбақ дүние. Десек те, күнделікті күйден тіршілік ырғағымен жүріп, көпшілік бұған бас қатырып жатпайды-ау деп ойлаймыз. Жуырда ел қатарлы қаладағы тәуір мейрамхананың біріне барып, бас-алты зиялы азаматпен кешкі астың көрігін қыздырғанымыз бар. Қарапайым тіршіліктен тұтанған әңгіме ұлттың жай-күйіне ауып, «қаралы қаңтар» қасіретіне ұласып, ақырында ернеуінен еңістеген теңіз сабасындай шығармашылыққа, одан кәкір-шүкір әңгімеге ауып, «Қапталымыздағы үстелдердің бәрі адамға толы. Сонда мейрамханаға думандата келген бір бейнесіз жақынын құттықтап: «Ағасы, с днем рождения!», – деп басталатын тілегін орысша-қазақша араластыра ақтарды дерсің. Шаттық кейіпкері де қарап тұрмай: «от души, родной!» деген ілтипашын жеткізген-ді. Сол отырыстың өзінде, жасыратыны жоқ, әрбір үстелден орысша мен қазақша жымдасқан түрлі әңгіме өрбіді. Жарға құлақты түрік ұстап отырып қарақөз қарындасқа қарата «Девушка, шотты алып келші» сынды пәрменді сөздерге дейін ел аузынан ақтарылып жатқанын тыңдадық.

«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кез келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл жұмылудың жұтқыншақты жарып, көмейден төгіліп түсер сөзімізге қатысы бар ма, жоқ па? Бар болса 70 жылдық салқын саясаттан сытылып, егемен елдің ақшаңқан аспанынан түскен күн шуағымен бүр атқан елдің бүгінгі жас буыны неге өз сөз қоржынының қаншалықты жұтаң екенін ескермей келеді?! Әлде, осының бәріне сараптама жасап, жастардың 95 пайызы таза қазақша сөйлемей, «орысша» бөм «қазақша» деген айыр тілде авторизмдегіп жүргенін

тебінің бірінші сыныбына барған. Бала кезден-ақ жас қыз әнші болуды армандады. Мектеп қабырғасында жүріп әншілік үйірмесіне қатысып, өзінің әдемі дауысымен кіші сахнада ән салып, көпшіліктің көзіне бірден ілікті. 1984 жылы Есік педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, «Бастауыш сынып мұғалімі және аға пионер вожатый» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Аталған оқу ордасында қазақ оркестрінің әншісі болды. 1988-1991 жылдар аралығында Сұңқар орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады. Осы жылдар аралығында ауылда «Ақ Сұңқар» ансамбліні құрып, ауыл және аудан көрермендеріне өнер көрсетті.

1991 жылы өзі секілді өнерпаз жігіт Болысбек Мондыбаевқа тұрмысқа шықты. Аудан орталығындағы ең іргелі білім ордасы Ж. Құдайбергенов атындағы орта мектепте музыка пәнінен дәріс берді. Мектеп қабырғасында өнерлі оқушыларды тәрбиелей отырып, «Балдәурен» балалар ансамбліні құрды. Білім ордасында жас ұрпаққа білім бере жүріп, 2002 жылы Алматы Үздік білім беру институтын аяқтады. 2007-2011 жылдар аралығында аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі секілді жауапты қызметтерді атқарды. 2011 жылдың қаңтарынан бастап аудандық «Жазерке» халықтық ұлт-аспаптар ансамблінің жетекшісі қызметін атқарса, өткен жылдан бастап «Қарадала» халық театрының көркемдік жетекшісі ретінде еңбек етуде.

«Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», – дейді халқымыз. Қашанда өнерімен өрге жүзгеннің өресі биік болары хақ. Өйткені, мәдениеттің ең биік өлшемі бар жақсылықтың бастауы екені сөзсіз. Сондықтан, мәдениет саласының маманы, өнер адамы өркениетті өмірдің басты тұлғалары болып саналады. Әлия Жанбаева таяуда ұзақ жылғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, сондай-ақ «Тәуелсіздікке – 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Бұл Әлияға деген жоғары құрмет болса керек.

«Өнер мен мәдениеттің дәмін көріп, рахатын сезіне алған адамға бұдан артық байлық керек емес», – деген екен орыстың классигі Антон Чехов. Сол айтқандай, Қарадала өңірі мәдениетінің дамуына зор үлес қосып келе жатқан Әлия Жанбаева өнер әлемінде өзіндік талантымен дараланған жан. Аудан көлеміндегі қандай іс-шараны болсын жоғары дәрежеде ұйымдастырудың басы-қасында Әлияның жүгіріп жүргенін көреміз. Адам жанын елжіретер түрлі сахналық қойылымдарда да актерлік шеберлігі жоғары. Сондықтан болар, Әлия әркез өз көрермендерінің ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Жұман МАТАЙ
Ұйғыр ауданы



АҒАМ «АХИ», БАУЫРЫМ «БРАТ»

тыңдаушы үкімет дабыл қағуға әбдісі жетпей отыр ма? Не десек те, тілдің тұғырына қону сөз жүйесінің, тіл қату мәдениетінің дамуымен ғана жасалатыны анық. Абайша айтқанда, «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген ұран жоғарыдан басталуы керек деп санаймыз.

Сөйлеу мәдениеті – жалпыға ортақ құндылық, байлық. Мұны көпшілік жақсы түсінеді десек те, соңғы ширек ғасырда қазақ сахарасына түрлі сөздер, терминдер келіп жеткенін жасыра алмаймыз. Жаһандану дәуірінде күнделікті қолданысқа еніп жатқан жаналықтармен жарыса келген атаулардың баршасын қазақша сайрату басты мақсат емес. Әсіресе, тұрмыстық заттардың атауын «теледидар», «толқынды пеш» деп жоғары деңгейде атап жүргенімізбен, «Samsung», «iPhone» сынды бренд өнімдерді, азық-түлік, тұрмыстың дүниелерді сол күйінде атаудамыз. Ол тек қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың игілігіндегі атауы өзгермеген заттар. Кей зиялының аузынан осынау атауларға қатысты ұранды сөздер естіп жүргенімізбен, олардың басқа кемшілікті көруге қырағылықтары жетпей қалатындай әсер қалдырады.

Ғасыр басындағы еркіндік самалымен бірге дініміздің де қайтқан қаздай мамырлап оралғанын жақсы білеміз. Дегенмен татулықтың негізі болған абзал дінді ұстанушылардың дені сөйлеу мәдениетіне біраз сөзді сыналап кіргізгені жасырын емес. Өздеріне түсінікті болғанымен, сөйлеу мәдениетін бұзып тұрған «ахи», «ұхти» сынды көптеген сөздің қазаққа қаншалықты керекі бар деп ойлаймыз?! Сақалдылар ахилесіп, орамалдылар үхтилесіп күн кешкен бүгінгі уақыттың білімінен бабалардың «бауырымдасқан» сенімі төмен деп айта аламыз ба? Мұның өзі қазақ халқының тіл қату мәдениетіне орасан олқылық алып келген мысал екені жауырды жаба тоқитын жайт емес.

Біз тілдің, мәдениеттің ақсап, жасы үлкен көріден, жас бүршік балаусаға дейін қазақ тілінің құндылығын құнттамай жатқанын айтқанымызбен, кейбір салалар оң сұрлеуге түспей жанапаймыз секілге кететіні анық. Әуелі ұлттың жаны болған әдебиет нәм мәдениет саласына тың серпіліс керек. Ол үшін әуелі «Мама деші!...» сынды атаумен шығып жатқан кітаптардың атын қазақшалау, шұрайлы тілсіз, көркем жазусыз жинақтарды оқырманға ұсынбауды заңмен шегендеу керек-ті. Екінші көк-

жәшіктен көрерменге жол тартар кинофильмдерге асқан жауапкершілікпен қарау қажет. Мәселен, өткен жылы көпшіліктің қызығушылығын оятқан «Сержан братан» фильмін алып қарайық. Атауының өзі тілдік мәдениет үшін дабыл қаққан орыс елінің «сойылын соғушылардың» шедеврі секілді көрінеді. Ал фильмдегі тұтас диалогты атамай-ақ қоялық. Өйткені, орысша дөрекі сөздер араласқан фильм сөзінің қайсыбірін айшықтап жатпайық. Түгелімен құлаққа түрпідей тиер жат елдің «жаргоны». Бұл фильмді уақыт талабына сай өз заманын ашып көрсеткен, шынайы оқиғаларға негізделген туынды деп есептегенімізбен, басқа арнада, жұмсақтап, әрі ұлттық көзқарасқа жақындатып түсіруге болмас па еді деп толғандық. Мұны атамағанның өзінде бүгінгі таңда түсіріліп жатқан фильмдердің баршасында тілдік жұтандық байқалады. Тіпті, кешегі күні ісі қазаққа жол тартқан «Ұлт ұстазы – Ахмет» немесе «Мұқағали». Бұл ғасырдың емесіні...» сынды тарихи фильмдердің өзінде шұрайлы тіліміздің көркем баламалары, ғажайып теңеулері берілмеген. «Жүрегіңе кір жинағанша, нұр жина» деп келетін Мұқағали аузымен айтылған сөздер ілеуде бір естіліп жатқаны болмаса, жалпы тілдік қасандық құлаққа ұрып тұрған-ды. Ғабит Мүсірепов жазып, үстінен Асқар Сүлейменов қараған «Қыз Жібек» фильміндегі: «Жалаулы туың желбіреп барып, желбіреп қайтты алдияр. Жасанып келген жауды қанға аунатып қырдық, шаңға аунатып ұрдық», – деп келетін ғажайып сөздер кешегілермен бірге кеткені ме? Міне, бұл тұрғыдан алғанда да біз әрбір туындыны, шығармашылық өнімді ана тілдің үйызымен аңқытуымыз керек-ті.

«Қарапайым әрі шынайы болуы керек» деген қағиданы ұстанып, оқырманмен санаса отырып шығарма жазған жазушы өз шедеврін мәңгілік сипатта бейнелей алмайды. Тұлға қай жағынан алғанда да биік тұруы заңдылық. Ол сонысымен биік. Сонысымен терең. Тіл байлығы да сол үдеден шығып, шығармасы көркем болса ғана ғасырдан ғасырға жол тартқан туындыға айналары ақиқат. Ал тілдік мәдениетке түбегейлі әсер ететін осындай жайттар, біз атап өткен дүниелер солқылдақ көпірде тұрғандай әсер етіп жатқан бүгінгі қоғамда ағасын «ахи», бауырын «брат» деген жастарға ғана кінә артудың өзі сыңаржақ көзқарас деп білеміз...

▲ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

МАЙ ЗАУЫТЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Кеген ауданын-
дағы Шырғанақ
ауылында тұратын
Серік
САНИЯЗОВ
өңір тұрғындары-
на жақсы таныс.
Туған жеріне кіндігі
байланған бірегей
азамат. Адамгерші-
лік асыл қасиеттері
мол. Еңбектің торы-
сы. Малды ауылда
өскен. Еңбекпен,
іспен шыңдалып,
өсіп-өніп, тереңге
тамыр тартқан бәйтерекке айналып келе жатқан
жағдайы бар.



Қанат БІРЖАНСАЛ

Құрбы-құрдастарының арасынан маңдайы жарқырап ерекше көрінетін ауылдың қара домалақ баласы кішкентай кезінен ел-гезек, әр нәрсеге үйір, тілалғыш, іске икемді болып өсті. Сабағын да жақсы оқыды. Азаматтық борышын абыройлы өтеп қайтты. Жұмыстан қол үзбей жүріп зоотехникалық-малдәрігерлік техникмуды бітірді. Математиканы да жақсы оқыған жігіт «Қарқара» кеңшарына қарасты Тасбұлақ бөлімшесінде сауын фермасының есебін жүргізді.

Ұзын бойлы, келісті келбеті, маңдайы жарқыраған қажырлы, қайратты, қандай жұмыс болсын тындырымды атқаратын жігіт сенімге бөленіп, Шырғанақ ауылындағы май зауытының аға шебері болып орналасты. 1986 жылдан шаруашылықтар тарағанға дейін май зауытының ыстығы мен суығына көніп, қиындығын бірге көтерісіп, қыры мен сырына әбден қанығып, жұмыс жүргізу, сүт өнімдерін шығару технологиясын да жақсы меңгерді. 1992 жылы май зауыты жұмысын тоқтатқанымен оны қайта қалпына келтіру Серіктің назарынан бір сәт те шыққан жоқ. 2001 жылы «Жігер» атты акционерлік қоғамының басшылары іздеп келіп, май зауытының жұмысын қайта жүргізу жөнінде ұсыныс білдіргенде қатты қуанып кетті. Шалғай аудандағы, ел ішіндегі сүт өнімдерін шығаратын білдей бір зауыттың 10 жылдай бос тұрғанына іші ашып, қабырғасы қайысып жүретін. Жоғы түзгендегдей күй кешті.

Кейбір қондырғылары істен шыққан, көп бөлшегі қолды болған зауытты қайтадан іске қосу оңайлыққа түскен жоқ. Өйткені, 1992 жылдан кейін кәсіпорынды әркім бір жүргізіп жүріпті. «Жігер» АҚ бірсыпыра дүниесін тауып берді. Май зауытының дәуірі жүріп тұрған кезде еңбек еткен адамдарды тауып, жұмысқа орналастырды. Шын мәнінде сапалы өнім шығару үшін технологиясына сай жұмыс жүргізуді мойнына алды.

Бұрынғыдай сүт өткізіп тұратын кеңшар, ұжымшар деген жоқ. Сондықтан Серік бастаған азаматтар малды ауылдан сүтті өздері жинап, зауыт жұмысын жүргізді. Зауыт негізінен таулы өңірдің құнарлы шөбін жеп, мөлдір суын ішетін сиырлардың сүтінен сапалы, дәмді сарымай, ірімшік шығара бастады. «Жігер» АҚ Елордамызда құрылған «Мал өнімдері корпорациясымен» бірлесе жұмыс істеген тұста зауыттың жағдайы одан сайын жақсара түсті. Корпорацияға мемлекет қомақты қаражат бөліп отырды. Сол кезде Серік басқаратын май зауыты сүт тасымалдайтын әртүрлі маркадағы 6-7 автокөлікке ие болды. Соның арқасында жазда әр күн сайын 18-20 тоннаға дейін сүт қабылданып, күн сайын 750-800 келіге дейін сарымай, оның сыртында 1 тоннадан астам сүзбе өндіріліп жүрді. Бұл жақсы көрсеткіш еді.

Зауыт жиырмадан аса адамды жұмыспен қамтыды. Олардың да жағдайы жаман болған жоқ. Зауыттың орнықты жұмысы, жақсы жетістігі үшін Серік Саниязов облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2009 жылдары корпорация бөлектеңіп, «Жігер» АҚ-ның қаражат жағдайы қиындап кетті. Сөйтіп, бір жылға жетпей зауыт жұмысын тоқтатты. Серік өзі жүргізіп көргенімен көптеген кедергіге кезікті. Кеден одағы құрылғаннан кейін сүт өніміне деген сұраныс төмендеп, жұмысы алға баса қоймады. Содан кейін аталған корпорация өз мүлкін сатып, аукцион арқылы сүт тасымалдайтын 8 автокөлікті, май зауытының 3 қондырғысын, дайын өнімдерді сақтайтын 5 тоңазытқышын қоса сатып алды. Енді «Жігер» акционерлік қоғамына қарасты май зауытын сатып алсам деген жақсы ниетте жүр. Қаражат жағынан қысылып жүрген жайы бар.

Өмір көрген, еңбекпен ержеткен азаматтың алдағы жоспары жаман емес. Мал шаруашылығын дамыту мақсатында Бөлексаз ауылындағы бос тұрған, 100 бас сиыра арналған мал қораны сатып алды. Алдағы уақытта күрделі жөндеуден өткізіп, сауын фермасын ашсам деген ниетте. Егер май зауытын өз қарауына алса, оны да күрделі жөндеуден өткізіп, сүт өнімдерін шығаруды қайтадан қолына алмақ. Бұл жақсы дүние, қолдайтын мәселе, қуанарлық жағдай. Өйткені, Кеген ауданы аумағында сүт өнімдерін шығаратын бірде-бір зауыт, цех, құрылым жоқ. Осыдан оншақты жыл бұрын Кеген ауылынан сүтті қабылдап, оны ұқсатып, өңдеп, мал, ірімшік, балмұздақ секілді сүт тағамдарын шығармақшы болып әрекет еткен Сержан Ыстыбаев атты азаматтың ісі алға баса қоймады. Сондықтан май зауыты жұмысының жайын жақсы білетін Серікке зауытты күрделі жөндеуден өткізіп, қайтадан іске қосуына облыс, аудан тарапынан лайықты назар аударылса, қаражат жағынан қолдау көрсетілсе нұр үстіне нұр болмақ.

Бүгінде Серік пен ұлы Нұрбек бірлесе жұмысын жүргізіп келе жатқан «Саниязов» шаруа қожалығының 250 гектар егістік, шабындық, жайылымдық жері бар. Қожалық алдағы уақытта жер көлемін ұлғайтуды, мал басын көбейтуді жоспарлап отыр. Біздің кейіпкеріміз ел мақтаған, жұрты жақтаған, халқының қалаулысы болған азамат. Аудандық мәслихаттың 3 мәрте депутаты болып жемісті жұмыс жүргізді. Ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің «Ауылшаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, Тәуелсіздігіміздің, елордамыздың және мәслихаттардың мерейлі мерекесіне орай мерекелік медальдармен марапатталды. Кеген ауданының Құрметті азаматы атанды.

Серік Шырғанақ ауылындағы өнегелі отбасының иесі. Шырғанақ ауылындағы екі қабатты коттедж үйі бақыттың құшағына бөленген. Зайыбы Қуаныш екеуі екі келін түсіріп, екі қыз ұзатып, олардан сүйкімді немере-жесіңдерін сүйіп отыр. Шырғанақ ауылындағы май зауытының түтінін қайта түтетуге аудан болып атсалысқаннан ешқашан ұтылмаймыз. Серік қолына алып жатқан сауын сиыр фермасы, май зауыты іске қосылса, біраз ауылдасы жұмыспен қамтылады. Ең бастысы, таулы өңірде сүт өнімдерін шығаратын бір зауыттың болғаны өте жақсы дүние болар еді.

Кеген ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

 @Jetisugazeti



Аспанасть елінде өтіп жатқан ақ Олимпиада ойындарына көз тіккелі қашан. Дода бүгінде орта шеніне келді. Әйтсе де ел сенімін арқалап аттанған ұл-қыздардың қоржыны бос. Өзгенің жүлдесіне қуанып, қызға да, қызғана да қарап жанымыз ауырып барады. Сөйте тұра жерлестеріміздің жолына үмітпен қарауды да естен шығармаймыз. Гайыптан тайып, бір жүлде болып қалар деген үміт басым.

ЖҮЛДЕ ЖОҚ, СЫЛТАУ КӨП

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Сонымен жүлде алады деген Юлия Галышева елге орылып үлгерген болар. Одан кейінгі жүлдеге дөмелі деген конькиші қыздарымыз да моғушылардың кейіні киді. «1500 м. менің сүйікті жаттығуым, одан қайтсем жүлде аламын» деп сендірген Н. Морозова уәдесінде тұрмады. Шорт-тректен сынға түскен біздің құрамадағы Абзал Әжіғалиев, Денис Никиша, Яна Хан мен Ольга Тихонова алғашында тәуір өнер көрсеткендерімен артында жүлдеге қол жеткізе алмады. Біз үшін бесінші орын жетістік болып тұр.

Конькимен жүгіруден сынға түскендер нағыз сенсация жасады. Бір жарыста екі рекорд тіркеліп, жанкештілік танытты.

Ерлер арасында бес шақырымға конькимен жүгіруде Нильс ван дер Пёль жаңа Олимпиада рекордын тіркеп, алтын алды. Күміс жүлдегер нидерландылық Патрик Руст та Олимпиада рекордын тіркеп, мерейі шалқылды. Соңғы шыққан Нильс екі айналым қалғанда ғаламат жігер мен жылдамдық көрсетті, сөйтіп алтынды жұлып ақетті. Қола медальді норвегиялық Хальгейр Энгбротен еншіледі. Дәл осындай көріністі көріп тұрып іштей қынжыласаң. Біздің ұлдар рекордтық көрсеткіш тұрмақ жүлделі орынға қол соза алмай алаөкпе болып жүр.

Шорт-тректен сынға түскендердің ішінде Әділ Ғалиахметовтың болашағы зор. Жүлдені уысына түсіре алмады дегеніміз болмаса тамаша өнер көрсетті. Алғашында үздік нәтиже көрсетіп, ақтық сында мықтылармен тартысқа түсті. Сәл сәттілік жетіспеді ме, он үздіктің ішінен сегізінші орынға табан тіреді. Оңтүстік корейлық Хван Дэгон чемпион болса, канадалық Стивен Дюбуа күміс, Семён Елистратов (РОК) қола медаль жеңіп алды.

Есімі алысқа кеткен Венгрия құрамасы сапындағы ағайынды Люлердің жүлдесіз қалуы кішігірім сенсация.

Шаңғы жарысына түскен қазақстандықтардың нәтижесін айтуға ұялып отырмын. Ерлер арасындағы шаңғыдан 15+15 шақырымдық скиатлон жарысында Александр Большунов өзгелерден оқ бойы озық болды. Ресейлік отыз шақырымды (1:16:9) сенімді еңсерді. Екінші орынды одан бір минут, он бір секунд қалып кеткен отандасы Денис Спицов алды. Үштікті фин Ййво Нисканен түйіндеді. Мына қызықты қараңыз, Большунов жарыс кезінде топтың ортасында келе жатып, бұрылыста қарқынды тежей алмай құлап қалған. Бұл уақытта қарсыластар жылдамдықты біраз күшейтіп жіберген. Сағы сынбаған Большунов намысқа

ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛДІ



Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының мұрағатшы болуымен аймағымызда бірнеше спорт түрінен облыс біріншілігі өтті.

Айдар ҚАЛИЕВ

Атап айтсақ, Көксу ауданы, Балпық би ауылында футболдан 40 және 50 жас-тан жоғары ардагерлер арасында облыс біріншілігі өтті. Жарысқа облысымыздың 11 ауданынан 180-ге жуық ардагер қатысты. Күміс пен қола жапониялық Юма Кагияма мен Сёма Уноның еншісінде кетті. Чен араға үш Олимпиада салып, жекеley сындағы алтынды АҚШ-қа қайтарды. Ванкувердегі Эван Лайсачектің табысынан кейін Ханно шашасына шаң жұқтырмай келген.

Көріп отырғанымыздай, бізде жүлделен гөрі сылтау көп. Алда әлі жарыстар бар, мүмкін жүлде түсіп қалар. Үміттен күдік басым.

ты. Сайыс қорытындысы бойынша 40 жас-тан жоғары ардагерлер арасында І орынды талдықорғандық команда еншіледі. ІІ орын Қапшағай қаласының, ІІІ орын Кербұлақ ауданының командасына бұйырды. 50 жас-тан жоғары ардагерлер арасында І орынды облыс орталығының командасы еншіледі. ІІ орынды Көксу ауданы, ІІІ орынды Еңбекшіқазақ ауданының командасы қанжығасына байлады. «Жастар» спорт сарайында самбо күресінен ерлер мен әйелдер және Жауынгерлік самбо күресінен ересектер арасында облыс чемпионаты өтті. Додаға 9 команда 150 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте спорттық самбо күресінен ерлер арасында І-орынды Талдықорған қаласы, 2-орын Кербұлақ, 3-орын Көксу ауданының командасына бұйырды. Спорттық самбо күресінен әйелдер арасында 1-орынды Еңбекшіқазақ, 2-орынды Кербұлақ, 3-орынды Көксу ауданы еншіледі. Жауынгерлік самбо күресінен 1-орынды Көксу, 2-орынды Іле ауданы, 3-орынды Талдықорған қаласының командасы жеңіп алды. Жамбыл ауданы Ұзынағаш кентінде волейболдан 2007-2008 жылғы жасөспірім ұлдар арасында облыс чемпионаты өтті. Жарысқа 156 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Талдықорған, 2-орынды Қапшағай қаласы, 3-орынды Панфилов ауданының 2 командасы иемденді. Талғарда ерлер мен әйелдер арасында қол күрестен облыс біріншілігі өтті. Додаға 10 команда, 130 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте 1-орынды Талғар ауданы, 2-орынды Талдықорған қаласы, 3-орынды Ұйғыр ауданы жеңіп алды. Қапшағайда бөлбеу күресінен 23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер және 2002-2004 жылғы жастар арасында облыс біріншілігі өтті. Жарыста 80-ге жуық балуан күресті. Нәтижесінде жалпыкомандалық есепте 1-орынды Талдықорған, 2-орынды Қапшағай қаласы, 3-орынды Іле ауданының командасы еншіледі.

▲ ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАЗЫЛМАЙТЫН АУРУ ЖОҚ

Қытай, Алтай өлкесі, Ресей мемлекетінде болып, білім-тәжірибесін ұштап қайтқан ҚР Құрметті халық емісісі Азамт МҰСАҰЛЫ Алматы қаласында ем жүргізіп жатыр.

Шипагер тамыр ұстап, диагноз қояды. Аурудың 75-ке жуық түрін Алатаудың баурайынан жиналған таза шөп дәрілермен емдейді, алтын ине қояды, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасайды. Хиджама жасау арқылы артық қан алады. Атап айтсақ, шипагер бастың барлық ауруларын және мидағы ісік, бауыр-бүйрек, жүрек, асқазан, шығиң, енге суық тию (простатит), гайморит, тікішек (геморрой), бел, аяқ-қол, буын ауруларының барлық түрін, сонымен қатар, жазылуы қиын деп есептелетін сусамыр (сахарный диабет), кеңірдекшелердің асқын қабынуы (бронхиальная астма), әйелдердің жатыр, емшек безі (киста, миома) ауруларын сапалы емдеп, жазып жүр.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасайтын, арақ қойғыза алатын және Тибеттік құпия әдіс – арнайы нүктелерге алтын ине қою, қан алу арқылы 10-15 жылға жасартуды меңгерген ерекше қасиеті бар. Емші 15 жылдық еңбек өтілінде тек алғыс арқалаумен келеді.

Емшінің жанында адам денесіндегі арнайы нүктелерге укалау (массаж) жасайтын мамандар жұмыс істейді. Емшіге елді мекендерден көмекшілер қажет. Айлығы 90000-120000 теңге көлемінде.

Қаралушылардың таза дәретпен, сеніммен келулері керек. Байланыс телефондары: **8-778-979-88-79, 8-747-479-99-56.**

Мекенжайы: Алматы қаласы, Тонықөк көшесі, 23-үй, (емдеу орны Алатау ауданы әкімдігі ғимаратының жанында орналасқан).

Қазақстан Халық емшілері қауымдастығы РҚБ №1170 куәлік берген, сертификат №17, 06.01.2020 жылы берілген.

Талдықорған қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 27 А

Байланыс телефоны: тел/факс: 8(7282) 24-52-50.
Электронды пошта: k.galereya@bk.ru

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» аясында
8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған
мектеп оқушылары (8-11 сынып), студенттер және кәсіпқой
суретшілердің туындыларынан жинақталған

«Анамның бейнесі»
КӨРМЕ-БАЙҚАУЫ
4 наурыз 11:00 2022
15-26 ақпан
аралығында
жұмыстар қабылданады

Егер сіз
облыстық «Jetisý»
газетіне құттықтау,
еске алу,
жарнама,
мақала,
хабарландыру
бергіңіз келсе,
мына
телефондарға
хабарласыңыз:
Талдықорған:
8 (7282) 40-20-69,
Ұялы тел.:
8 775-355 -89-58,
8 747-410-69-09.
Электронды
пошта:
Jetisu2002
@mail.ru
Алматы:
8 (727) 279-13-37,
Ұялы тел.:
8 747-688-17-41.
Jetisu_almaty
@mail.ru

ЕСКЕ АЛУ



Қасиетті Қарасаз ауылының тумасы, дәрігер Әлмұхамед Жә-мәліұлы Сұлтанасевтың фәни дүниеден озғанына 17 ақпанда 10 жыл толады. Үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білген абзал азаматтың халқына істеген қайырымды істері мен жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Алдың пейіш, артың кеніш болсын, бауырым!

Інім менің, алғыр едің жасыңнан,
Жора-жолдас үзілмейтін қасыңнан.
Ұл-қызынды, бәрімізді күрсінтіп,
Кете бардың қырық тоғыз жасында .
Тілеуші едің амандығын бар жанның,
Ерте үзілді қысқа жібі жалғанның.
Келін түсті, құтты орнына қонды қыз,
Орындалды көрмей кеткен арманың...
Жатқан жерің пейіш болсын, бауырым,
Рахымына бөлен енді Алланы!

Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Райымбек ауданының Құрметті азаматы

Көксу ауданы, Мұсабек ауылының азаматы, ұлағатты, өнегелі ұстаз, адал дос, асыл жар, аяулы әке, ардақты ата бола білген **Еділ Күмісбекұлы Жабықбаевтың** 18 ақпан күні дүниеден озғанына 10 жыл болады. Әкеміз жас ұрпаққа білім беру саласында жемісті еңбек етіп, халқына қалаулы, еліне елеулі азамат болды. Тағдырға не шара?! Жан әкемізге деген сағынышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әке, артыңыздағы ұрпағыңыз сізді үнемі ұмытпай, еске алып отырамыз. Топырағы торқа, иманы жолдас, жаны жаннатта болсын ардақты әкеміздің!

Кішіпейіл, бар жұртқа жайдары едің,
Әулеттің ақылшысы, айбары едің.
Аппақ қардай кіршіксіз көңіліңнен
Біздерге мейір құшақ жайған едің.
Көңіл шіркін жоқ дегенге сенбейді,
Бір сағыныш жүректерді тербейді.
Артыңызда ұрпақтарың бар кезде,
Жаккан отың ешқашанда сөнбейді, – деп сағынышпен еске аламыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – Қалдығыз, ұл-қыздары.



Жазира, балалары – Орынбасар-Гүлнұр, Ермұрат, Данияр, Ақжол, қызы – Еркежан, немерелері – Нұрәли, Арман.

«Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Алматы облысының жер ресурстарын басқару департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұжымы мекеме басшысы Асқар Абдулдаұлы Жолдоғұтовқа әкесі

АБДУЛДА КӨПЕСҰЛЫ ЖОЛДОҒҰТОВТЫҢ
дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАНАЗЫҚ

«БЕЙСЕН ЖӘНЕ БОЛМЫС»



Ғұмырында ізгілік пен мейірімді, парасаттылық пен деғдарлықты бойында қалыптастырып, болмысына айналдырған бірегей тұлғалар ғана тарих сахнасында төбе көрсетті деу қате ұғым. Кез келген танымалдыққа ие адамдардың ғұмырбаяндық хамсасында әркелкілік; тобанаяқтаған, шатқаяқтаған сүрлеулер, сонымен қатар адалдық пен ақиқаттың символындай болған сүрдек те сайрап жатады. Осының бәрін жан-жақты саралай келе адам баласының көзтастар көкжиегіне айналатын тұлғалар саны әдебиет пен мәдениет, тарих бедерінде айшықталған деғдарлардан өлдеқайда аз екенін түсінеміз. Бүгінгідей уақытта жастардың тәлім-тағылымына терең әсер ететін саусақпен санарлық саф болмыс иелері қатарында танымал тележурналист Бейсен ҚҰРАНБЕКТИҢ бар екеніне «Бейсен және болмыс» кітабын парақтай-тарақтай отырып көз жеткіздік.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Санжар Керімбайдың қаламынан туған «Бейсен және болмыс» кітабы руханиятымызға қосылған және бір олжа. Соңғы жылдары жазылған көптеген шығармалардан, әсіресе, қазақ әдебиетінде тұлғалар болмысын ашып көрсететін роман, повесть, әдеби портрет түзген туындылардан өзгеше, ерекше бұл кітапта тұлға болмысы экзистенциалық талдау арқылы жан-жақты ашылған. Бейсен Құранбектің ғажайып өмір сүрдегі экзистенция, логотерәпия психологиясы арқылы жана кеңістікке көтеріліп, кейіпкердің айшықты іздері оқырман санасында сайрайды.

Әлқисса сөздің басында атап өткеніміздей, бүгінгідей жаңадану дәуірінде кімнен үлгі алып, кімді пір тұтатын деген алаң-құлаң көңілдің ырағында жүрген кез келген адам, әсіресе, жастар «Бейсен және болмыс» кітабын оқып шығуға міндетті. Өйткені өзінің өмір ұстанымында пір тұтқан «жеті идеалынан» көптеген қасиет дарытып, өзі сегізінші кереметтей түзілген текті болмыстың әр жүрекке берері мол. Сонымен қатар, осынау кітап саф болмысының саки сорабын мейлінше жарқырата көрсеткен шығарма.

Аталмыш кітапта Бейсен аға Құранбектің «Жеті идеал» атты естелігі берілген. Мұнда ол шыншылдықты **Бауыржан Момышұлынан**, әділдік пен адамгершілікті **Дінмұхамед Қонаевтан** үйреніп, оларды идеал тұтатынын айтса, қалған бес идеалын шетел топырағында сомдалған бірегей қасиеттің үлгісіндей болған тұлғалар арасынан таңдаған. Мәселен, «он мың рет тәжірибе жасадым, он мың рет сәтсіздікке ұшырадым. Бірақ әлі жалғастырамын» деп жүріп шамды ойлап тапқан **Томас Эдисонды** табандылық пен төзімділіктің үлгісі етсе, бір кейіпкерін екінші рет қайталамайтын **Уолт Диснейді** шығармашылық ізденістің, жанашылдықтың бағдары еткен. Бейсен Құранбек сонымен қатар әрбір минуты өмірінің ең үлкен қажеттілігіне жұмсап, секундты да селге кетірмеген **Иммануіл Кантты** жауапкершіліктің, бір ісін жасап бітпей екінің дүниеге аландамайтын **Уильям Френдті** тұрақтылықтың үлгісі деп таныған. Осынау қасиеттердің бәрі де жұмыр басты пенде баласына керекті құндылықтар екені даусыз. Осылардың бәрін айшықтап «Бірінші, екінші атам» деп ардақтаған бекзат болмыс иесі: «*Жетінші атам – Роман Гарсия. XIX ғасырдың аяғында Испания мен Америка соғысып жатады. Президент Маккенли Роман атты офицеріне Кубадағы революционерге маңызды хат апаруды тапсырады. Роман: «Ол жаққа соғыс болып жатыр ғой. Қалай апарамын?»*», – деп бас қатырмайды. Он күн бегенде барып, әлгі хатты тапсырып, аман-есен елге қайтады. Адам осындай болуы қажет», – деп жазады. Осы секілді көптеген естеліктермен әрі журналистің ғұмырлық ұстанымдарымен әбзелденген кітаптың мазмұны бай.

Өмірде тым қарапайым қағидаттарды ұстанып, өзі де болмыстан тысқары кетпей, айналасындағы адамдарды жан жылуымен өзіне ынтқы еткен Бейсен аға Құранбекті сан мәрте кездестіріп, көбіне жылы тіл қатысып жүргеніміз бар. Бірде «Әй, батыр, біздің телеарнаға

«БЕЙСЕННІҢ кішіпейіл қасиеті жөнінде мынадай бір естелікті баяндауды жөн санадық. Бірде Бейсен Данияр деген жас журналисті «Жетісу» теларнасына қызметке шақырады. Данияр өзінің отбасымен бірге Алматыдан Талдықорғанға көшіп келеді. Қыс мезгілі, сыртта 25 градус аяз еді. Жүк тиеген көлік Талдықорғанға кешке бір-ақ жетеді. Көлікті күтіп алып, үш-төрт адам заттарды Даниярдың пәтеріне таси жөнеледі. Іс бітіп, көш жайланған соң пәтер иесінің әйелі жүк тасушы кісілерге назар салса, жүкші адамның бірі – әйгілі Бейсен Құранбек екен. Атағы дардай, өзі басшы адамның қарапайым киініп алып, жүк тасып жүргені өлгі әйелді көпке дейін таңғалдырыпты».

«БЕЙСЕН «қазақтың жауы – қазақ» деген сыңарезу мәтелді жек көретін. Ол осыны керісінше жүзеге асырды. Елдің бағына туған адам көрсе ұлтына, жынысына, таныстығына қарамастан соның керегіне жарағысы кеп тұрды».

«...БЕЙСЕН – дәл солай жасаған адам. Ол – бір тәулік-тен бірнеше тәулік, бір жылдан бірнеше жыл жасап алған таңғажайып тұлға».

қосымша жұмысқа кел, бағыңды сына. «Таңжарықтың» тізгінін ұстап көр» деп қамау терімді ала алмай қиналып жүрген шағымда ұсыныс тастаған болатын. Ришад Тұрғанбаев ағамыз Бейсекене біз жайлы біраз ақпар беріп, тілдік шешендігі бар деп таныстырса керек-ті. Газетке деген сүйіспеншілік пен інкәрліктің тәтті дәмінен ажырап қалатындай сөкмендіп, тұлғаның тілегіне мардымды жауап қатпадық. Біздейлердің талайын қанатының астына алғысы келіп жүрген ақкөкірек жан шығар деп тошшылағанбыз. Расымен, «Бейсен және болмыс» кітабын оқып шыққаннан кейін абзал ағаның қазақтың мыңдаған жас баласына жалын, рух беріп, олардың өмірін бір салаға бұрғанын, талай таланттың көзін ашқанын түсіндік. Тіпті, Санжар Керімбай бір естелігінде Бейсен Құранбек қазақ жастарының 170 жұбын қосып, ерлі-зайыпты болуына ықпал еткенін жазады. Олардың танысып, табысуына ғана болыспай, тойының дайындығын пысықтап, қаржылық көмек көрсеткенін де айшықтайды.

«Ағаламның рахым нұры», «Адамзаттың асыл тәжі» сынды пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) өмірбаяны өрнектелген кітапты оқып шығып, жан толқынысының ырғағымен терең тебіреніске түсіп жүрген едік. Қайталай оқып, парақтап-тарақтаған сайын сол тебіреністің терендей түсетініне де көз жеткізіп, Жаратушының сүйіктісі болған пайғамбарымызға деген құштарлығымыз беки беретін. Әрі ондай болуы, сүннет жолын ұстану қолдан келе ме? деген сауалға салынушы едік. «Бейсен және болмыс» кітабын оқи отырып журналистиканың нағыз мұсылмандық жолдың керемет үлгісін көрсетіп ғұмыр кешкенін аңдадық. Өйткені жүздеген мысалдан тұратын кітапта Бейсен Құранбектің адамгершіліктің асқақ көрінісі менмұндайды. Елорданың қақаған қысында ақсөңке болып қатқан Жер-ананың қыртысын жазып, аяулы жақынының енесіне қабір қазу, көрінгеннің көзтүрткісіне айналып, балаларын пәтерден-пәтерге көшіріп, жұмыс таппай тіленшілікке бейімделген

жас келіншектің жағдайымен танысып, оған азаматтық көмек көрсету, әрбір көше жағалаған тіленші, ішімдікке салынған адамдардың қасына тоқтап, олармен тең дәрежеде сөйлесудің өзі адамға ой салады. «Айтуға оңай, аға, сізге бірдеме айтайын деп едім», – деп ебіл-дебіл шығып соңынан қуған бейтаныс бүлдіршіннің тілегін орындап, бір суретке түсу үшін анасының ұялы телефонын алып келуге шапқылап кеткенде жарты сағаттай сабырмен тосып, қатты асығыстығына қарамай бала тілегін орындауының өзі көңіл толқытатын мысал. Міне, осындай жүздеген мысалмен өрнектелген Бейсен ағаның өмірі көптің тануы тиіс ғажайып сырлы дүние деп білеміз.

«Маған рак деп диагноз қойды. Барыңша алысып-ақ жатырмын. Бірақ бой беретін түрі жоқ. Бәрібір осы дерттен кетсем де өкінбеймін. Себебі, бұл өзі біразға созылып барып жығатын «батыр» екен. Тіпті мұны о дүниеден келген «шақыру билеті» деп те атайды екен. Бұл енді кенеттен тоққа түсіп не суға кетіп немесе жолда апатқа ұрынып, тіл тартпай кеткеннен әлдеқайда тиімді. Бүкіл өміріңді елеп-екиеп, ең әсерлі тұстарын санаңда жаңғыртып қоясың. Аланың берген осы аз уақыт өміріңде не істедім, кімге қандай жақсылық жасадым? Жақсы адам болдым ба? Мүлт кеткен жерім болып па еді? Ренжіткен жерім болса кешірім сұрайсың. Қимастарың болса қимастасың...» – деп ғұмырының соңғы жылдарында «айтып келген» ажалдың өзін күліп қарсы алуға бейіл екенін танытып, азаматтық биік тұғырдан ұн қатқан дара болмыс иесінің жарға деген адалдығы, ата-ана, туған-туысқа құрметі, адам баласына деген ілтипаты мен ізеті, қазақ халқына деген сүйіспеншілігі сынды көптеген қасиеті жас бұынға ең керекті тәрбие құралы іспетті. Тіпті, тіршілікте мақсат-мұраты жолында мұқалып, ырғағы бір өмір ағысынан қажыған жандардың бәріне жол нұсқайтын, тамырына рух болып құйылатын әдеби қуатты осынау «Бейсен және болмыс» кітабынан таба аласыз.



Көксу ауданы, Амангелді ауылында тұратын ардақты ана, аяулы жар, асыл әже, үлгі тұтар әпкеміз **Тұрымхан Әлімқызы ӘБДІЛЛАЕВА** ақпан айының 14-жүлдізінде 70 жасқа толады. Сол айтулы қуанышқа орай салмақты да сабырлы әпкемізге өмірдің бар жақсылығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай отбасыңыздың ұйытқысы болып жүре беріңіз. Ең бастысы, денсаулығыңыз мықты болсын, әрқашан жүзіңізден мейірім шуағы кетпей аналық, әжелік бақытқа кенеле беріңіз.

Отбасыңыздан ынтымақ кетпей, дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, **Жабықбай** жездемізбен аңсаған арманыңыздың асуларына жетіп, ұрпағыңызбен жүз жасаңыз демекпіз!

*Құтты болсын жетпіске
Толған мерей жасыңыз.
Шөбереге, шөпшекке
Толсын дәйім қасыңыз.*

*Биік болып шаңырақ,
Кең жайылысын кереге.
Бәрімізге байыпты
Мінезіңіз өнеге.*

*Жүзіңізден төгіліп
Мейірімнің шуағы.
Жанымызға өзгеше
Бір жылылық құяды.*

*Ақ тілекті арнадық
Барлық жылы сөзбенен.
Асыңыздар жүз жастан
Жабықбайдай жездемен.*

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР:

бауырлары-келіндері, күйеубалалары-сінлілері.

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ – 50 ЖЫЛ

БІРЕГЕЙ БІЛІМ ОРДАСЫ

Білімнің құдіретін «Прометей алауына» баласақ, оның қайнар көзі мектепте, университетте жатыр. Біз меңзеп отырған білім ордаларының өзара сабақтастығы қоғам сұранысын қанағаттандыруда, ел ертеңі кемелдендіруде ерен еңбекпен өлшеусіз үлес қосып келеді. Сондай іргелі оқу орындарының бірі әрі бірегейі – **І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**.

Тарихы 1972 жылдың 25 қазанынан басталатын білім ордасының 50 жылдық тарихы бар. «Елу жылда ел жаңа» деген пәлсапаның төркініне үнілсек, осы жылдар аралығында университет келбеті де, ғылыми әлеуеті де артты.

Педагогикалық институт болып іргесі қаланған оқу орнында алғаш филология және физика-математика факультетінің іргесі қаланды. Жылдар жылжыған сайын кезегімен музыкалық-педагогикалық, мектепке дейінгі, бастауыш білім беру методикасы, инженерлік-техникалық факультеттері ашылды. Уақыт өте университеттің іргетасы кеңейіп, ғылыми әлеуеті мен материалдық-техникалық мүмкіншілігі артты. Қазіргі таңда университет бакалавр деңгейі бойынша гуманитарлық ғылымдар, жаратылыстану, техникалық ғылымдар, құқық және экономика, педагогика және психология, дене шынықтыру және өнер сынды жоғары мектептерінен тұратын қоғам сұранысын қанағаттандыратын елуден астам мамандықтың ашылуына мұрындық болды. Магистратура бойынша отызға жуық мамандық түлектерін қанаттандырса, докторантура (PhD) деңгейінде 11 мамандық негізінде ғалымдар даярлап отыр. Бұл оқу орнында қызмет еткен ғылыми әлеуеті мен тәжірибесі зор ұстаздардың, әр жылдары басқару тізгінін қолға алған ректорлардың және бүгінгі басшылық тізгінін ұстап отырған Қуат Марғұлы Баймырзасөтін маңдай терімен жеткен меже деп білеміз.

Қазіргі таңда **І. Жансүгіров атындағы ЖУ** өз түлектері үшін білім алу аясын кеңейтіп, қазақстандық ұлттық және алдыңғы қатарлы жиырма бес университетпен, шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта жұмыс жасауда. Атап айтар болсақ, бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша Польша, Ресей елдерімен координаттық бағытта, академиялық ұтқырлық бойынша АҚШ, Испания, Португалия, Оңтүстік Корея, ҚХР және тағы басқа елдердегі жиырмаға жуық жоғары санаттағы университеттермен академиялық ұтқырлық негізінде байланыс орнатылған. Яғни біліміміз жеткілікті болса, Жетісу университеті арқылы өзіңіз таңдаған мемлекетте бір академиялық кезең бойынша білім алуға мүмкіншілігіңіз бар. Университет қабырғасында жүріп-ақ ғылымда өзіндік қолтаңбасы бар отандық ғалымдар мен шетелдік ЖОО-ның ұстаздарының дәріс тыңдау мүмкіншілігіне ие бола аласыз. Бұл университеттің білім берудегі құзыретін айқындайды.

Бүгінгі қоғамдық сұранысқа ие шетел тілдерін оқытуда да университеттің үлес салмағы басым. Тарихы 1996 жылдан бастау алатын мамандықтың бүгінде аясы кеңейген. Мұнда корей, қытай, неміс және түрік тілдері екінші тіл ретінде оқытылады. Яғни, бітіруші әр түлектің екі немесе одан да көп тілді меңгеруін қамтамасыз етеді. 2012 жылдан бастап кафедрада білімгерлердің академиялық ұтқырлығы жүзеге асырылады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білімгерлер қысқамерзімді білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламаларына қатысу арқылы шетелде білімін жалғастырып, шетелдік ғылыми тәжірибені игеру мүмкіндіктеріне ие болады. «6B01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының білімгерлері ішкі және сырттай академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысады.

Университеттің материалдық-техникалық базасы замануи талапқа сай. Университет иелігінде үш оқу ғимараты, үш Студенттер үйі, спорттық алаңдар, бассейн және мұрағаты бай кітапхана бар. Оқу ғимараттарындағы аудиториялар оқытушылар мен білімгерлердің толыққанды жұмыс жасауына негізделе отырып жабдықталған. Яғни, соңғы үлгідегі құралдармен қамтамасыз етілген. Білімгерлердің терең білім алуының кепілі болып табылатын кітапхана қоры мен жұмыс жасау кестесі де біріздендірілген. Болашақ маманның алаңсыз өмір сүріп, уақытын білім алу мен салауатты өмір салтын ұстануға орайластыру үшін Студенттер үйіндегі жағдай белгілі бір тәртіпке негізделіп, бассейнде, спорт кешенінде арнайы кесте қойылған.

Білім қара шаңырағы осы жылдар аралығында ел игілігіне қызмет етіп жүрген талай тұлғаларды қанаттандырды. Ғарышты бағындырған А. Айымбетов, әлемдік додада Көк Туды желбіреткен М. Мамырлов, кара сөздің хас шебері Ж. Оспанұлы, білім саласындағы үздіктер А. Фазылжанова, Н. Жанатбекова, Е. Есенғабиев, С. Долаевтар біздің мақтанышымыз болып саналады. Уақыт еншісіне жазылатын келер күндерде де талай мықтыларды түлететін **І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің** мұраты биік, болашағы айқын.

Дәулеткерей МҮЛІК,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ
шетел тілдері және аударма ісі бойынша
білім беру бағдарламасының
оқытушы-ассистенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:

Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау

бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:

Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдері — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Көген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

“Jetisy” газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990


БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,

Жұмахан Балапанов көшесі,

28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90



Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 151
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индекс — 65469.